

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің білім  
басқармасы  
«Геология барлау колледжі»  
ҚМҚК



КГКП  
«Геологоразведочный  
колледж» управления  
образования Восточно-  
Казахстанского  
областного акимата

**0704000 «Пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлаудың  
геофизикалық әдістері»  
(азылшын тілін біліуімен сынау оқу жоспары бойынша)  
мамандығына арналған  
«Еңбекті қорғау» пәнінен базалық тірек конспектісі**

**0704000 «Пайдалы қазба кенорындарын іздеу мен барлаудың  
геофизикалық әдістері»  
(ағылшын тілін біліуімен сынау оқу жоспары бойынша)  
мамандығына арналған  
«Еңбекті қорғау» пәнінен базалық тірек конспектісі**

Колледждің әдістемелік кеңесінде бекітілген

Әзірленген 20.12.2014 \_\_\_\_\_  
(мерзім)

Қайта өңдеген 18.01.2017 \_\_\_\_\_  
(мерзім)

**Семей қаласы, 2017 ж.**

Базалық тірек конспектi оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес 0704000 «Пайдалы қазба кенорындарының іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері» (*ағылшын тілін біліуімен сынау оқу жоспары бойынша*) мамандыққа әзірленген және II курс студенттеріне арналған. Ол құрамында «Еңбекті қорғау» пәні бойынша VI бөлімнен тұрады, негізгі теориялық және тәжірибелік материалдар, сондай-ақ, құрамында бақылау сұрақтары мен тапсырмалары бар. Негізгі түсініктердің анықтылығына, олардың ерекшеліктері мен түрлеріне қысқа мерзімде жаңа ақпараттарды пайдалана отырып студент жауап бере алады және емтиханды сәтті тапсыра алады. Базалық тірек конспектiсі студенттерге ғана емес, оқытушыларға да сабаққа дайындалу және оны өткізу кезінде тиімді.

## Мазмұны

№	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Бет
<b>1.</b>	<b>Пәннің тақырыптық жоспары</b>	5
<b>2.</b>	<b>I тарау</b> Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері.	8
	<i>№ 1 сабақ</i>	
<b>3.</b>	<i>Тақырып:</i> Кіріспе. Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері.	
	<i>№ 2 сабақ</i>	12
<b>4.</b>	<i>Тақырып:</i> ҚР еңбек заңнамасының негіздері.	
	<i>№ 3 сабақ</i>	23
<b>5.</b>	<i>Тақырып:</i> ГБЖ жүргізгенде еңбекті ұйымдастыру.	
	<i>№ 4 сабақ</i>	24
<b>7.</b>	<i>Тақырып:</i> Еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	
<b>8.</b>	<b>II тарау</b> Қауіпсіздік техникасы.	25
	<i>№ 5 сабақ</i>	
<b>9.</b>	<i>Тақырып:</i> Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін ұйымдастыру.	
	<i>№ 6 сабақ</i>	34
<b>10.</b>	<i>Тақырып:</i> Түрлі физикалық-географиялық жағдайларда жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	
	<i>№ 7 сабақ</i>	36
<b>11.</b>	<i>Тақырып:</i> Көлік құралдары мен арнайы машиналарды пайдаланғандағы қауіпсіздік техникасы.	
	<i>№ 8 сабақ</i>	38
<b>12.</b>	<i>Тақырып:</i> Электрқондырғылары мен іштен жанатын қозғалтқыштарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	
<b>13.</b>	<b>III тарау</b> Өндірістік санитария.	43
	<i>№ 9 сабақ</i>	
<b>14.</b>	<i>Тақырып:</i> Далалық жұмыстардағы санитария мен тазалық.	
	<i>№ 10 сабақ</i>	45
<b>15.</b>	<i>Тақырып:</i> Өндірістік бөлмелерге қойылатын санитарлық-тазалық талаптары.	
	<i>№ 11 сабақ</i>	47
<b>16.</b>	<i>Тақырып:</i> Өндірістік орта факторларының адамға жағымсыз ықпалынан қорғау.	
	<i>№ 12 сабақ</i>	61
<b>17.</b>	<i>Тақырып:</i> Жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдары.	
<b>18.</b>	<b>IV тарау.</b> Өртке қарсы қорғаныс негіздері.	63
	<i>№ 13 сабақ</i>	
<b>19.</b>	<i>Тақырып:</i> Жану және заттардың өрт қасиеттері.	
	<i>№ 14 сабақ</i>	65
<b>20.</b>	<i>Тақырып:</i> Өндірістік және қосалқы ғимараттардағы, далалық жұмыстарды жүргізудегі өртке қарсы қауіпсіздік шаралары.	
	<i>№ 15 сабақ</i>	68
<b>21.</b>	<i>Тақырып:</i> Өрт сөндіру құралдары.	

22.	<i>№ 16 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Өрт қорғанысын ұйымдастыру.	70
23.	<b>V тарау.</b> Геологиялық барлау жұмыстарының жеке түрлерін жүргізгендегі қауіпсіздік техникасы	71
24.	<i>№ 17 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Геологиялық суретке түсіру, іздеу және барлау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	
25.	<i>№ 18 сабақ</i> <i>Тақырып:</i> Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	75
26.	<i>№ 19 Тақырып</i> Бұрғылау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	78
27.	<i>№ 20 Тақырып:</i> Геофизикалық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	90
28.	<i>№ 21 Тақырып:</i> Тау-кен жұмыстарын жүргізгендегі қауіпсіздік шаралары.	97
29.	<i>№ 22 Тақырып:</i> Қопару жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	101
30.	<i>№ 23 Тақырып:</i> Камералдық және зертханалық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	106
31.	<i>№ 24 Тақырып</i> Қоршаған ортаны қорғау.	107
32.	Әдебиеттер және оқыту құралдары.	109

### Пәннің тақырыптық мазмұны

р/б №	Тараулар мен тақырыптардың атауы	Сағаттар саны	
		барлығы	Оның ішінде тәжірибе сабақтары
1.	Кіріспе.		
2.	<b>I тарау</b> Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері. <i>№ 1 Тақырып:</i> Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері.	2	
3.	<i>№ 2 Тақырып:</i> ҚР еңбек заңнамасының негіздері	1	
4.	<i>№ 3 Тақырып:</i> ГБЖ жүргізгенде еңбекті ұйымдастыру.	1	
5.	<i>№ 4 Тақырып:</i> Еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	3	2
6.	<b>II тарау</b> Қауіпсіздік техникасы. <i>№ 5 Тақырып:</i> Жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін ұйымдастыру.	1	

7.	<i>№ 6 Тақырып:</i> Түрлі физикалық-географиялық жағдайларда жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	1	
8.	<i>№ 7 Тақырып:</i> : Көлік құралдары мен арнайы машиналарды пайдаланғандағы қауіпсіздік техникасы.	1	
9.	<i>№ 8 Тақырып:</i> Электрқондырғылары мен іштен жанатын қозғалтқыштарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	1	
10.	<b>III тарау</b> Өндірістік санитария <i>№ 9 Тақырып:</i> Далалық жұмыстардағы санитария мен тазалық.	1	
11.	<i>№ 10 Тақырып:</i> Өндірістік бөлмелерге қойылатын санитарлық-тазалық талаптары.	1	
12.	<i>№ 11 Тақырып:</i> Өндірістік орта факторларының адамға жағымсыз ықпалынан қорғау.	1	
13.	<i>№ 12 Тақырып:</i> Жұмысшылардың жеке қорғаныс құралдары.	3	2
14.	<b>IV тарау.</b> Өртке қарсы қорғаныс негіздері. <i>№ 13 Тақырып:</i> Жану және заттардың өрт қасиеттері.	1	
15.	<i>№ 14 Тақырып:</i> Өндірістік және қосалқы ғимараттардағы, далалық жұмыстарды жүргізудегі өртке қарсы қауіпсіздік шаралары.	1	
16.	<i>№ 15 Тақырып:</i> Өрт сөндіру құралдары.	3	2
17.	<i>№ 16 Тақырып:</i> Өрт қорғанысын ұйымдастыру.	1	
18.	<b>V тарау.</b> Геологиялық барлау жұмыстарының жеке түрлерін жүргізгендегі қауіпсіздік техникасы. <i>№ 17 Тақырып:</i> Геологиялық суретке түсіру, іздеу және барлау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	4	2
19.	<i>№ 18 Тақырып:</i> Гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	2	
20.	<i>№ 19 Тақырып</i> Бұрғылау жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	2	
21.	<i>№ 20 Тақырып:</i> Геофизикалық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	2	
22.	<i>№ 21 Тақырып:</i> Тау-кен жұмыстарын жүргізгендегі қауіпсіздік шаралары.	4	
23.	<i>№ 22 Тақырып:</i> Қопару жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары.	2	

24.	<i>№ 23 Тақырып:</i> Камералдық және зертханалық жұмыстардағы қауіпсіздік шаралары.	2	
25.	<i>№ 24 Тақырып</i> Қоршаған ортаны қорғау.	1	
26.	<b>Барлығы:</b>	<b>42</b>	<b>8</b>

## Сабақ № 1

### 1.1 Кіріспе. Еңбекті қорғаудың жалпы мәселелері

Еңбекті қорғау – еңбек үрдісінде адамның қауіпсіздігін, жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, гигиеналық, денсаулық сақтау шаралары мен құралдарының заңдық құжаттарының жүйесі.

ҚР еңбекті қорғау маңызды әлеуметтік мәнге ие, ол өндірісте еңбектің қауіпсіз әрі жағымды жағдайын қамтамасыз етеді. Еңбекті қорғау деңгейі еңбекті қорғау саласында инженерлі-техникалық жұмысшылардың біліктілігіне бағынышты болады.

«Еңбекті қорғау» түсінігіне үш негізгі аспект енеді:

**Еңбек заңдылықтары** – бұл өндірістегі еңбек қарым-қатынастарын, жұмыс күні мен демалыстың тәртібін анықтайтын құқықтық және ұйымдастырушылық іс- шаралары.

**Өндірістік санитария** – бұл жұмысшылардың денсаулығына зиянды өндірістік факторлардың алдын алатын ұйымдастырушылық, гигиеналық және санитарлы- техникалық іс-шаралар мен құралдардың жүйесі.

**Қауіпсіздік техникасы** – бұл жұмысшыларға қауіпті өндірістік факторлардың әсерінің алдын алуға бағытталған ұйымдастыру-техникалық іс-шараларының жүйесі.

**Қауіпсіздік техникасының іс-шаралары** – бұл еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өндірістік жаракаттың алдын алатын жұмыс тәсілдері мен техникалық құралдардың кешені. Олар жұмыстың әртүрлі түрлерін орындаудың қауіпсіз тәсілдерін дайындауға, технологиялық үрдістерді жақсартуға, қауіпсіз техника мен технологияны енгізуге, қорғаныш қондырғыларын, белгі берудің автоматтық жүйелерін, жеке қорғану құралдарын пайдалануға бекітілген.

Соңғы уақыттарда кез-келген өндірісте, оның ішінде геологиялық барлау өндірісінде еңбектің эстетикалық жағдайына – жұмыс орындарын түстік рәсімдеуге, жұмыс орындарында функционалдық музыканың болуына, қолданылатын жабдықтың тиімді конструктивті элементтерінің болуына ерекше назар аударылады.

Еңбек жағдайы барлық өндірістік көрсеткіштер – еңбектің өнімділігі, жұмыстың сапасы, жұмысшылардың қауіпсіздігі үшін үлкен мәнге ие, олар адамның жұмыс жүргізу қабілетіне де шешуші әсер етеді.

Адамдардың өндірістегі еңбек қызметі «Адам – еңбек құралы – еңбек заттары - өндірістік орта» деген өндірістік жүйе шегінде жүзеге асады. Сондықтанда жұмыс жағдайы, оның қауіпсіздігі мен тиімділігі мұндай жүйенің барлық элементтері бір-бірімен қаншалықты байланыстылығына, қолайлылығына, қауіпсіздігіне бағынышты болады.

Еңбектің қауіпсіз әрі тиімді жағдайы мен авариясыз жұмыстарды қамтамасыз етудің маңызды мәселелеріне геологиялық барлау жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережелерін, өндірістік санитарияны, өрттің алдын алу мен тау кен қорғау ісін тереңінен біліп, қатал түрде орындау; жұмысшыларды арнайы дайындалған қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігінің нұсқауларына сай жұмыстың дұрыс және қауіпсіз тәсілдеріне үйрету.



Әлеуметтік даму жоспары – әлеуметтік – экономикалық үрдістерді басқару құралдарының бірі. Әлеуметтік даму жоспарының міндеті кәсіпорынның өндірістік бағдарламаларына сай және соның негізінде еңбек ұжымының әлеуметтік дамуын жоспарлы түрде бағыттап, еңбекшілердің материалды және рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып, тұлғаның жан - жақты даму жағдайын қалыптастырудан тұрады. Әлеуметтік даму жоспары перспективті жоспар болып табылады.

Ұжымның әлеуметтік даму жоспарына мына бөлімдер енеді: техникалық прогресс, өндірісті дамыту мен жетілдіру, ұжымның әлеуметтік құрылымын жоспарлы түрде жетілдіру, оған әлеуметтік-демографиялық құрам мен біліктілікті-кәсіби құрылым, жұмыс жағдайын жақсарту, жұмысшылардың еңбегі мен денсаулығын қорғау, тұрғын үй және мәдени- тұрмыс жағдайларын жақсарту, еңбек тәртібін нығайту жатады.

Еңбекті қорғау саласындағы маңызды қозғалыстар ғылыми-техникалық прогреспен тығыз байланысты. Өндірісті кешенді механикаландыру мен автоматтандыру еңбекті жеңілдетіп, ауыр және шаршататын дене еңбегін жойып, жарақат алу еңбегін кәсіби аурулардың алдын алып, өндіріс ортасының қолайлы жағдайын құрып, еңбек өнімділігін арттыру үшін қолданылады.

Геологиялық мекемелерде геологиялық барлау жұмысының барлық түрлерін жоғары дәрежеде механикаландыру мен еңбек жағдайын жеңілдетіп, жақсарту мақсатында өндірістің тұрақты технологиясының болуына ерекше назар аударады.

Қауіпсіздік техникасы мәселесімен жүйелі және кешенді түрде айналысу үшін кәсіпорын жетекшілері мен инженер-техник жұмысшылар нұсқауға сай ережелердің талаптарын тереңінен біліп, өздерінің қол астындағы жұмысшыларының осы талаптарды сақтауын қамтамасыз етуді орындай алулары керек.

Еңбек туралы заңдарда еңбекшілердің дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайына құқылы екендіктері көрсетілген, кәсіпорын әкімшілігі, ұйымдар мен мекемелер қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етулері керек. Әкімшілік жарақаттанудың алдын алатын техниканың қазіргі кезгі құралдарын енгізіп, жұмысшылар мен қызметкерлердің кәсіби ауруларының алдын алатын санитарлы-гигиеналық жағдайды қамтамасыз етуі тиіс. Өндірістік белгідегі нысандарды (жаңа немесе жөндеуден өткен) пайдалануға қосу дұрыс әрі қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз еткенде ғана рұқсат етіледі.

Егерде жауапты тұлғалар мен әкімшілік қауіпсіздік талаптарын бұзып, мұның салдарынан жұмысшы немесе қызметкер жарақат алса, кәсіпорын мен мекемелер материалды жауапкершілікке тартылады.

Еңбекті қорғау еңбектің дұрыс және қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етудің шараларын жүзеге асыратын күрделі кешенді қамтиды. Ол еңбектің қауіпсіздік мәселелеріне, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігіне және тау-кен қорғау ісіне күнделікті ерекше назар салуды талап етеді және ол кез-келген техникалық шешімнің ажырамас бөлігі болып табылады, сонымен қатар әрбір өкімде көрсетіледі.

## **Негізгі түсініктер.**

### *1. Еңбекті қорғау дегеніміз не?*

Еңбекті қорғау – бұл еңбек үрдісінде адамның жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығын сақтаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңдық құжаттардың, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, техникалық, гигиеналық, емдік-профилактикалық іс-шаралар мен құралдардың жүйесі. еңбекті қорғаудың өзгеде түсініктері бар.

Еңбекті қорғау – бұл еңбектің тиімділігі пен сапасын арттырып, жеңілдету мақсатында еңбектің қолайлы және қауіпсіз жағдайын қамтамасыз ететін әдістер мен құралдарды жетілдіріп, зерттейтін ғылым болып табылады.

### *2. Еңбекті қорғаудың ерекшеліктері.*

Біріншіден, еңбекті қорғау еңбек қызметінің объективті категориясы болып табылады, оның негіздері адамның биологиялық табиғатында қаланған. Екіншіден, еңбекті қорғау өзінің дамуында тура және тікелей табиғат заңдарымен байланысты және олар дамудың бастапқы сатысындағыдай санасыз, немесе қазіргі өндіріс жағдайындағыдай саналы түрде тәуелсіз пайдаланылуына қарамастан өзіне сай келетін заңдардың деңгейінде ғана шынайы дамиды. Үшіншіден, еңбекті қорғау өндіріс тәсілінен тыс дами алмайды.

Оның дамуы қоғамдық-экономикалық формациялардың заңдарына тікелей бағыныштылықта болады және ол бір қоғамдық құрылысты екіншісі алмастырған кезде де жойылмайды.

### *3. Еңбекті қорғау өндіріске қалай әсер етеді?*

Біріншіден, еңбекті қорғау қағидаларын елемеушілік өндірістің тоқтап қалуының себебі болуы мүмкін, екіншіден, еңбекті қорғау өндірістің дамуының маңызды рычагы болуы мүмкін.

### *4. Ғылыми-техникалық прогресс пен еңбекті қорғаудың арасында өзара байланыс бар ма?*

Өндіріс үрдістерін механикаландыру мен автоматтандыру адамды ауыр дене еңбегінен босатып, жұмысты интеллектуалдық мазмұнмен қанықтырады. Бірақта еңбек жағдайының өзгеруінің тез қарқыны кей жағдайларда жұмыс істеуші адамға физикалық, химиялық, биологиялық, психофизиологиялық сипаттағы жаңа, бұрын белгілі болмаған немесе аз зерттелген қауіпті әрі зиянды өндірістік факторлардың әсерінің уақытша күшеюіне әкеледі. Ғылыми-техникалық прогресстің мұндай қарама-қайшылықтары уақытша сипатта болып, мұнымен бір сәтте еңбекті қорғау мәселесінде күрделендіреді.

### *5. Еңбекті қорғау экономикалық түсінік бола ма?*

Еңбекті қорғау еңбек үрдісінде еңбекшілердің энергиясының қауіпсіздігін және өндірістік шығындарын белгілеп, мақұлдайтындығына байланысты экономикалық түсінікте болып табылады.

### *6. Еңбек қауіпсіздігі дегеніміз не?*

Жұмысшыларға тиетін қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсері жойылған еңбек жағдайы.

### *7. Қауіпсіздік техникасы дегеніміз не?*

Қауіпсіздік техникасы – бұл жұмыс істеушілерге қауіпті өндірістік факторлардың әсерінің алдын алуға бағытталған техникалық құралдар мен ұйымдастыру шараларының жүйесі. Қауіпсіздік техникасы еңбекті қорғаудың құрама бөлігі болып табылады.

*8. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы ұғымдарының өзара байланысы бар ма?*

Еңбекті қорғау түсінігін қауіпсіздік техникасы түсінігіне жақындату белгілі бір жағдайда еңбекті қорғаудың өндіріс үрдісінде адам туралы ғылым ретінде дамуын тежейді. Сондықтанда еңбекті қорғау түсінігін қауіпсіздік техникасы түсінігіне ұштастыру қате болып саналады.

*9. Еңбек жағдайы дегеніміз не?*

Еңбек үрдісінде адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін өндірістік орта факторларының жиынтығы.

Еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау – бұл әртүрлі, бірақ бір-біріне қарама-қайшы келмейтін түсініктер. Еңбек жағдайы - бұл еңбек үрдісінде қалыптасатын объективті құбылыс.

*10. Еңбекті қорғаудың басты міндеті не?*

Еңбекті қорғаудың басты міндеті өндіріс үрдісінде қауіпті жою, ал жанама міндеттері – денсаулықты сақтау, еңбектің өнімділігін арттыру және т.б.

*11. Еңбекті қорғаудың мақсатына қалай жетуге болады?*

Барлық салада өндіріс пен еңбек үрдісінің өту жағдайларын басқару мәселесін шешу арқылы еңбекті қорғаудың мақсатына жетуге болады.

*Еңбекті қорғау облысындағы стандартизация*

Стандартизация – (ағылшынның мөлшер, үлгі, өлшем) көптеген ұғымдарды (бұйымдарды) типтік үлгілердің шамалы санына ұштастыру.

Бүкіл дүние жүзінде өнеркәсіптік өндіріс пен тауар алмасудағы техникалық реттеудің маңызды құрамдас бөлігі стандарттар болып табылады.

Стандарт бұл өз еркімен көп рет пайдалану мақсатында өнімнің сипаттамасы, жобалау(іздіструді қосқандағы) өндіру, құрлыс жүргізу, монтаждау, жолға қою, пайдалану, сақтау, тасмалдау, өткізу мен кәдеге жарату, жұмыстардың немесе қызмет көрсетулердің орындау үрдісінің сипаттамалары мен жүзеге асыру ережелері белгіленген құжат.

*Стандарт* - зерттеулер мен өлшеу ережелері және әдістерін, терминологияға, нышандылыққа, буып- түйеге, белгілер салуға немесе оларды салудың ережелері мен заттаңбаларына қойылатын талаптарды қамтуы мүмкін.

Стандарттар өте маңызды роль атқарады. өндіріс қызметінің көп саласында стандарттар басқарудың негізгі нормативтік базасы болып табылады. ССБТ негізіне стандартизацияның мемлекеттік жүйесін құрудың басты қағидалары қойылған, олардың негізгілеріне директивтілік, кешенділік, стандарты енгізу мен сақтаудың жүйелілігі мен динамизімі жатады. ССБТ стандарттары деңгейі бойынша мемлекеттік, салалық және кәсіпорын стандарттары болып бөлінеді.

Стандартты белгілеудің құрылымы мынандай: стандарттың атауы, классы, топтардың кодi, стандарттың топтаудағы реттік номері мен тіркелген жылы.

*Қазақстанда* – техникалық реттеу және метралогиия жөнiндегi комитет.

Журнал Қазақстанда еңбекті қорғау. №12. 13 бет.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Еңбекті қорғау дегенге жалпы түсінік берiңдер?
2. Еңбекті қорғау адам өміріне қандай әсер тигізеді?
3. Стандарт дегеніміз не және ол керек пе?
4. Еңбекті қорғаудың ерешеліктері?
5. Еңбекті қорғаудың басты міндеті не?
6. Өндірістік санитарияға анықтама бер?
7. Еңбекті қорғаудың мақсатына қалай жетуге болады?
8. Қауіпсіздік техникасы дегеніміз не? <sup>J</sup>
9. Еңбекті қорғау өндіріске қалай әсер етеді?
10. Еңбекті қорғау экономикалық түсінік бола ма?
11. Жұмысшының міндеттері қандай ?
12. Жұмыс берушінің міндеттерін атаңдар?

### **Сабақ №3**

#### **ҚР еңбек заңнамасының негіздері.**

#### **Қазақстан Республикасында еңбекті қорғау бойынша негізгі заң актілері**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы N 251 Кодексі

Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 9, 65-құжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 22 мамыр N 132-135 (24710)

Осы Кодекс азаматтардың Қазақстан Республикасындағы еңбек бостандығына конституциялық құқығын іске асыру процесінде туындайтын еңбек қатынастарын реттейді.

#### **Қызметкерлердің негізгі құқықтары мен міндеттері**

Қызметкердің :

- 1) жұмыс берушімен осы Заңда белгіленген тәртіппен жеке еңбек шартын жасасуға, өзгертуге және бұзуға;
- 2) тең еңбегі үшін қандай да болсын кемсітусіз тең ақы алуға;
- 3) қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайларына;
- 4) егер басқа заң актілерінде өзгеше көзделмесе, кәсіптік одақтарға немесе басқа да қоғамдық бірлестіктерге өз еркімен мүше болуға;
- 5) демалысқа;
- 6) өзінің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеттіруге;
- 7) кепілдіктер мен өтемақылар алуға;
- 8) еңбек дауларын тараптардың келісуімен немесе сот тәртібімен шешуге;
- 9) жұмыс берушіден жеке еңбек шартында тараптың атынан өкілдік ететін лауазымды адамның

өкілеттігін растауды талап етуге;

10) ұжымдық шартпен және жұмыс берушінің актілерімен танысуға;

11) өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға құқығы бар.

2. Қызметкер:

1) жеке еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде жазылған еңбек міндеттерін адал орындауға;

2) еңбек тәртібін сақтауға;

3) жұмыс процесінде жұмыс берушіге мүліктік зиян келтіруге жол бермеуге;

4) еңбек қорғау, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария жөніндегі ережелердің талаптарын орындауға; (Z040528 (Z040528 16), 19) тармақшалар; V990866 (2-тарау 7) тармақшаны қараңыз)

5) жеке еңбек шартына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпеуге; (K990409 қараңыз)

6) адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен қызметкерлер мүлкінің сақталуына қатер төндіретін ахуал туындағаны туралы хабарлауға;

7) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін ұсынуға;

8) зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқасына аударған кезде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жинақтаушы зейнетақы қорымен шарт жасасқаны жөнінде жұмыс берушіні хабардар етуге;

9) денсаулық жағдайының нашарлауына байланысты жағдайлардан басқа, оның еңбекке жарамсыздығы анықталған жағдайда бұл туралы жұмыс берушіні оның еңбекке жарамсыздығы анықталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

## **Жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері**

*1. Жұмыс берушінің:*

1) Осы Заңда белгіленген тәртіппен қызметкерлермен жеке еңбек және ұжымдық шарттарды жасасуға, өзгертуге және бұзуға;

2) жұмысқа қабылдау кезінде қызметкерден осы Заңда көзделген, белгілі бір еңбек қызметімен айналысуға және (немесе) белгілі бір қызметті атқаруға мүмкіндігін растайтын құжаттар беруді талап етуге;

3) өз өкілеттігі шегінде жұмыс берушінің актілерін шығаруға.

Еңбек жағдайларының өзгеруіне байланысты актілерді қабылдау қызметкерлер өкілдерінің келісімімен ғана жүзеге асырылады;

4) қызметкерлерді көтермелеуге, оларды осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартуға;

5) өзіне қызметкер келтірген зиянды өтеттіруге;

6) алып тасталды

7) өз құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау мақсатында жұмыс берушілер бірлестіктерін құруға және оларға кіруге;

8) қызметкерге сынақ мерзімін белгілеуге;

9) егер жеке еңбек шартының талаптарында жазылған болса, қызметкерді оқытып-үйретуге байланысты өз шығындарының орнын толтыруға құқығы бар.

*2. Жұмыс беруші:*

1) қызметкерлерді Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына, жеке еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;

- 2) қызметкерлер өкілдерінің ұсынысын қарауға, келіссөздер жүргізуге және ұжымдық шарт жасасуға;
- 3) қызметкерлерді өз қаражаты есебінен өздерінің еңбек міндеттерін орындауы үшін қажетті құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге;
- 4) қызметкерді жұмысқа қабылдаған кезде онымен жеке еңбек шартын жасасуға, қызметкерді ұжымдық шартпен және жұмыс берушінің актілерімен таныстыруға;
- 5) жалақыны және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, жеке еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде көзделген өзге де төлемдерді уақтылы және толық көлемінде төлеп тұруға;
- 6) қызметкерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беруге;
- 7) Қазақстан Республикасының еңбек туралы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасының, жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын сақтауға; Z040528 V990866 2-тарау 4)-6) тармақшаларды қараңыз
- 8) қызметкердің еңбек міндеттерін атқаруы кезінде оның денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыруға; K990409 809-бап 811-бап Z040580
- 9) қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуге; K941000 K990409 параграф 2 параграф 4 K010155
- 10) қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын құжаттардың және оларды зейнетақымен қамсыздандыруға арналған ақшаның ұсталуы мен аударылуы туралы мәліметтердің сақталуын және мемлекеттік мұрағатқа өткізілуін қамтамасыз етуге;
- 11) егер жұмысты жалғастыру қызметкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірсе, оны тоқтата тұруға;
- 12) қызметкерге зиянды (өте зиянды) және қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайлары мен кәсіптік аурудың ықтималдығы туралы ескертуге;
- 13) жұмыс орындары мен технологиялық процестерде қатердің алдын алу жөнінде шаралар қолдануға, өндірістік және ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып, профилактикалық жұмыстарды жүргізуге;
- 14) қызметкерден міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін талап етуге; (Z970136 (1-бап 17) тармақша; V032345
- 15) жұмыс уақытының, соның ішінде жұмыс уақытынан тыс істеген жұмыс, әрбір қызметкердің зиянды (өте зиянды), қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайларында, ауыр дене еңбегімен айналысқан жұмыс уақытының нақты есебін жүргізуге;
- 16) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен профилактикалық, алдын ала және міндетті медициналық тексерулерден өткізілуге тиіс адамдардың осындай тексерулерден уақтылы өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

*Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.23. N 20, 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

«ҚР еңбек туралы Заңына» сай барлық мекемелер мен кәсіпорындарда салалық министрліктер бекіткен қауіпсіздік ережелері мен өндірістік санитария нормалары қолданылады, олардың қатарына ҚР геологиялық барлау саласының барлық кәсіпорындарына міндетті болып табылатын «геологиялық барлау жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік ережелері» де жатады. Өз кезегінде геологиялық барлау ұйымдары көрсетілген ережемен қатар жұмыстың жеке түрлерін атқару кезінде өзге де ережелерді, нормалар мен нұсқауларды жетекшілікке ала алады.

Еңбек заңының, қауіпсіздік ережелері мен нормаларының, санитария нормаларының сақталуын бақылауды мемлекет, қоғамдық және шаруашылық ішіндегі органдар жүзеге асырады. «Еңбекті қорғау туралы заңның» сақталуын жоғары мемлекеттік бақылауды ҚР бас прокуроры мен оған бағынышты прокурорлар жүзеге асырады. ҚТ мен ӨС ережелерінің орындалуын күнделікті мемлекеттік бақылауды техникалық инспекциялары арқылы кәсіподақ органдары жүргізеді. Тау – кен бұрғылау және өзге геологиялық барлау жұмыстарында ҚТ сақтауды мемлекеттік бақылау тау-кен бақылаудың арнайы органдары ҚР МЕМТАУТЕХ бақылауымен жүзеге асады. Санитарлы-гигиеналық ережелер мен нормалардың сақталуын бақылауды мемлекеттік санитарлы инспекция ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жүзеге асырады.

Азаматтардың еңбек құқықын қорғаудың құралдарының бірі осы құқықты бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық және материалды жауапкершіліктерін бекіту болып табылады. ҚТ ережелері мен нормаларының бұзылуына кінәлі лауазымды тұлғалар мен инженер-техник жұмысшылар жауапкершілікке тартылады.

Тәртіптік жауапкершілік әкімшілік жүктейтін тәртіптік жаза белгілеумен көрсетіледі. Тәртіптік жауапкершілікке тарту инициативасы әкімшілікке, бақылау органдарына жатады.

Жұмысшылар мен қызметкерлер ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сай тәртіптік жауапкершілікке тартудың мынандай түрлері бар: сөгіс; қатаң сөгіс; үш айлық мерзімге дейін өз мамандығы бойынша еңбекақысы төмен жұмысқа ауыстыру немесе мамандығы бойынша дәрежесі төмен жұмысқа ауыстыру; жұмыстан босату. Тәртіптік жауапкершілікке тарту қателік жасалған уақыттан кейінгі бір айдың ішінде және алты ай уақыт өтпеген жағдайда жүргізіледі. Тәртіптік жауапкершілікке тартылғанға дейін жауапкершілікке тартылатын адамнан жазбаша түсініктеме талап етілуі қажет. Жауапқа тартылған адам екі аптаның ішінде өз ісін қайта қарауға беруге құқылы.

Егерде жауапқа тартылғаннан кейін жұмысшы бір жылдың ішінде жаңа жауапкершілікке тартылмаса, онда ол тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған деп есептелінеді.

Әкімшілік жауапкершілік комиссияға немесе мемлекеттік бақылау өкілдеріне, ҚТ бұзғаны үшін кәнілі болғандарға, лауазымды тұлғаларға айыппұл салуымен көрінеді.

Айыппұл салу құқына техникалық инспекторлар, кәсіподақтардың құқық инспекциясы, Мемтаутех бақылау органдары, Мемлекеттік санитариялық бақылау, Мемэнергобақылау, Мемлекеттік өртті бақылау ұйымдары ие болады.

ЕҚ ережелері мен нормаларын қылмыстық бұзу қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. ЕҚ ережелері мен нормаларын бұзғандығы үшін лауазымды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесімен прокуратура органдары айналысады. Қылмыстық жауапкершілікке айыппұл салу, сот шешімі бойынша 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру, бас бостандығынан айырмай түзету жұмыстарына жіберу, атқарып отырған қызметінен босату жатады. ҚТ ережелерін сақтамай, бұл адамдарды сәтсіз жағдайларға душар ететін болса лауазымды тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. ЕҚ ережелері мен нормаларын бұзғаны үшін лауазымды тұлға материалды жауапкершілікке тартылып, кәсіпорын зардап шеккен адамға төлеген соммасын жартылай немесе толығымен лауазымды тұлғадан қайтарып алады.

Егерде лауазымды тұлға заңсыз түрде жұмыстан босатса немесе жұмысшының жұмыс орынын ауыстырса, онда ол кәсіпорынға немесе мекемеге келген зиянды төлеуге міндетті, бірақ бұл лауазымды тұлғаның үш айлық еңбекақысынан жоғары болмауы керек.

Сәтсіз жағдайлардың немесе кәсіби аурулардың нәтижесінде денсаулығына нұқсан келген жұмысшылар мен қызметкерлер өзінің уақытша жұмысқа қабілетсіз кезеңінде денсаулығы қалпына келгенге дейін толық еңбекақысының көлемінде мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақы алады.

Мүгедектерге жоғалтқан еңбекақысының орнына зейнетақы тағайындалады, ол ережеге сай жұмысшының бұрынғы еңбекақысын толығымен жаппайды, сондықтанда кәсіпорын, мекеме мен ұйым арнайы заңға сай зардап шеккен адамға бұрынғы еңбекақысының көлемінде үстеме ақша төлейді.

### ***І. Еңбек заңдары.***

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

*еңбек* - адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі;

*еңбек қатынастары* - тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар;

*жұмыс берушінің актілері* - жұмыс берушінің (жұмыс берушілер өкілінің) шығаратын актілері (бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ішкі еңбек тәртібінің ережелері);

*жеке еңбек шарты* - қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екіжақты келісім, ол бойынша қызметкер жұмыс берушінің актісін атқара отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші қызметкерге жалақысын және заңдар мен тараптардың келісімінде көзделген өзге де ақшалай төлемдерді уақытында және толық көлемінде төлеуге, еңбек туралы заңдар мен ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

*зиянды (өте зиянды) еңбек жағдайлары* - белгілі бір өндіріс факторларының әсер етуі қызметкердің жұмыс қабілеті төмендеуіне немесе ауыруына, не оның ұрпақтарының денсаулығына теріс ықпал етуіне әкеп соғатын еңбек жағдайлары;

*қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайлары* - белгілі бір өндіріс факторларының әсер етуі еңбекті қорғау ережелері сақталмаған жағдайда қызметкер денсаулығының кенеттен күрт нашарлауына немесе жарақаттануына, не оның қайтыс болуына әкеп соғатын еңбек жағдайлары;

*ауыр дене жұмыстары* - қызметкердің ауыр заттарды қолмен көтеруге немесе орнын ауыстыруға байланысты қызметтерінің түрлері не 300 ккал/сағаттан астам күш-қуат жұмсайтын басқа да жұмыстар;



*демалыс уақыты* - қызметкердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және оны өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты;

*жалақы* - еңбек үшін оның күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін сыйақы (табыс);

*біліктілік разряды* - қызметкердің өзі орындайтын жұмыстарының күрделілігін көрсететін біліктілік деңгейі;

*ұжымдық шарт* - еңбек және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді реттеу үшін бір немесе бірнеше жұмыс беруші (олардың өкілдері) мен қызметкерлердің бір немесе бірнеше өкілдері арасында жазбаша шарт нысанында жасалған құқықтық акт;

*іссапар* - жұмыс берушінің өкімі бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу;

*өтемақылар* - жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына, жұмысты орындаған кездегі қызметкерлердің шеккен шығындарының орнын толтыруға байланысты ақшалай төлемдер;

*ең төмен жалақы мөлшері* - меншік нысанына қарамастан, ұйымдарда жалданып жұмыс істейтін адамдарға ақшалай төлемдердің Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген ең төмен мөлшері;

*жазбаша ескерту (хабарлама)* - қызметкердің немесе жұмыс берушінің қол қойылған және тіркелген өтініші не өзге де әдіспен (хабарлама арқылы тапсырысты хатпен, факспен, электронды поштамен, жеделхатпен) берілген өтініші;

*жұмыс берушілердің өкілдері* - құрылтай құжаттарының негізінде жұмыс берушінің немесе жұмыс берушілер тобының мүдделерін білдіруге уәкілетті жеке немесе заңды тұлғалар;

*қызметкерлердің өкілдері* - кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары және (немесе) қызметкерлер уәкілеттік берген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған өзге де тұлғалар мен ұйымдар;

*қызметкер* - жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

*жұмыс беруші* - қызметкер еңбек қатынастарында тұратын заңды немесе жеке тұлға;

*жұмыс уақыты* - қызметкер жұмыс берушінің актілері мен жеке еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт;

*еңбек міндеттері* - қызметкер мен жұмыс берушінің жеке еңбек және ұжымдық шарттармен байланысты міндеттемелері;

*еңбек стажы* - қызметкердің заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысушы қызметкер немесе жеке адам ретінде еңбек міндеттерін жүзеге асыруға жұмсаған күнтізбемен

есептелген уақыты;

еңбек дауы - еңбек туралы заңдардың қолданылу мәселелері бойынша бұрын қызметкер (қызметкердің өкілі) мен жұмыс беруші (жұмыс берушінің өкілі) арасында реттелмеген жеке еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарын орындау туралы қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келіспеушілік;

еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - еңбек қатынастары саласында өз өкілеттігін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

еңбек жағдайлары - еңбекке ақы төлеу, оны қорғау мен нормалау жағдайы, жұмыс режимі, мамандықтарды (қызметтерді) қоса атқару мүмкіндігі мен тәртібі, техникалық, санитариялық, гигиеналық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ жеке еңбек және ұжымдық шарттар тараптарының келісімі бойынша өзге де жағдайлар;

еңбек туралы заңнаманың сақталуын тексеру (бұдан әрі - тексеру) - еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асыратын жұмыс берушінің немесе қызметкердің Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасын орындауын тексеру.

*Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.23. N 20,*

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Еңбек шарттары дегеніміз не?
2. Жұмыс уақыты?
3. Кәсіптік жасқа толмағандардың еңбегін қорғау туралы мәліметтерді айт?
4. Өндірістік жабдықтарға нелер жатады?
5. Қауіпсіздік нормаларын ата?
6. Жалпы демалыс дегеніміз не?
7. Айлық жалақының ең төмен мөлшері?
8. Ұжымдық қорғаныс құралдары қандай?
9. Жүкті әйелдердің жұмыс уақыты қандай?
10. Еңбек қауіпсіздігінің шарттарын атаңдар?

## **Сабақ №3**

### **ГБЖ жүргізгенде еңбекті ұйымдастыру**

#### **Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы. ГБЖ жобалау**

ГБЖ ҚТ бойынша жобаларды дайындау тәртібі мен бекіту, олардың мазмұны ҚР геология Министрлігімен бекітілген.

ҚТ бойынша бөлім «ГБЖ кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне» және ҚР геология Министрлігінің ұйымдары үшін міндетті болып табылатын ҚТ бойынша өзге директивті және нормативті құжаттарға сай жасалады. Бөлім еңбекті қорғауға, қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитарияның барлық жобаланған жұмыстарына арналған. Онда сонымен қатар өртке қарсы іс-шаралар, дәрігерлік қызмет көрсету, қауіпсіздік техникасының қызметін ұйымдастыру, жұмысшыларға ҚТ бойынша нұсқау мен дәріс беру де енеді.

Бөлімді құрастыру кезінде экспедицияның жұмыс ауданы жобаланған нақты жағдайлар есепке алынады, сонымен қатар бедер пішіннің ерекшелігі, гидрографикалық желі және оның сипаттамалары есепке алынады.

Нормаларға сай бөлімде жобаланған жұмыстың қауіпсіздігін арттыратын ҚТ мен еңбекті қорғаудың қажетті құралдары мен механизмдері, құрылғылары мен аспаптары анықталады.

Өртке қарсы іс-шаралар қарастырылуы керек:

- өндірістік, санитарлы-тұрмыстық, тұрғылықты және өзге нысандардың өртке қарсы жабдықтармен жабдықталуы;

- өртті суқоймалар мен сарайлардың құрылғылары мен жабыдқталуы; еркін өртке қарсы одақты ұйымдастырып, оқыту;

Дәрігерлік-санитарлық іс-шаралар кешеніне дәрігерлік тексерулер, сақтандырғыш екпелер, дала жұмыстары кезіндегі дәрігерлік қызмет көрсету, қан сорғыш жәндіктермен және улы жануарлармен күреске арналған шаралар енеді.

Геологиялық ұйым жұмысшыларының еңбек жағдайы санитарлық нормалар мен қауіпсіздік техникасының талаптарын қанағаттандыруы қажет. Сондықтанда ГБЖ кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен нормаларын қамтамасыз ету үшін жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыруға арналған іс-шаралардың күрделі кешенін талап етеді.

Еңбекті ұйымдастыруға мыналар жатады:

- өндіріс үрдісінде адамдарды орналастыру;

- жұмыс орындарын ұйымдастырып, оларды механизмдердің қажетті кешенімен жабдықтау;

- еңбектің әдістері мен тәсілдері және жеке жұмысшылардың арасында еңбекті бөлу;

Қазіргі кезде еңбекті ғылыми ұйымдастыру кеңінен таралған, оның мақсаты ғылым мен техниканың жетістіктерінің негізінде еңбекшілердің денсаулығын сақтай отырып, материалды және еңбек шығындарын аз шығара отырып, еңбек өнімділігінің жоғары дәрежеге көтерілуіне қол жеткізу.

Геологиялық ұйымдарда геологиялық барлау жұмыстарының барлық түрлерін максималды механикаландыруға, еңбек жағдайын жеңілдетіп, жақсарту мақсатында өндірістің технологиясын жетілдіруге үлкен назар аударылады.

**Еңбектің өндіріс жағдайлары** деп еңбек үрдісінде адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін өндіріс ортасының факторларының жиынтығын айтады.

**Еңбектің қауіпсіз жағдайы** кәсіби аурулар мен өндірістік жарақаттарсыз жұмыстарға кепілдік беретін, жұмысшыларды қауіпті өндірістік факторлардан қорғайтын құралдармен жабдықталған жұмыс орындары бар кешендермен сипатталады.

**Еңбектің техникалық жағдайы** деп қолданылатын технологияның жетілгендігі, механикалану дәрежесі сияқты еңбек құралдарының техникалық деңгейімен сипатталатын жағдайды айтады.

**Еңбектің санитарлы- гигиеналық жағдайлары** өндіріс ортасының жарықтандыру деңгейі, микроклиматтық жағдайлар, әуе кеңістігінің шаңданып, газдануы, шу мен діріл деңгейі, иондаушы сәулелердің болуы сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

**Еңбектің жалпы жағдайы** деп өндірістік және қосалқы ғимараттардың – бұрғылау орындарының, компрессорлы қондырғылардың, үгіткіш және зертханалы ғимараттардың жағдайы мен жұмыс орындарын ұйымдастыру және жарықтандыру, жұмысшыларды арнайы киімдермен, аяқ киімдермен және емдік-профилактикалық тамақтармен қамтамасыз ету.

**Ішкі еңбек тәртібінің ережелері.** Ішкі еңбек тәртібінің ережелері - өндіріс үрдісіне қатысушылардың өзара еңбегін реттеуші негізгі нормативтік акт. Оның мақсаты – еңбек тәртібін бекітіп, еңбектің қауіпсіз жағдайы мен дұрыс ұйымдастырылуын сақтау, жұмыс уақытыны толық және тиімді пайдалану, еңбектің өнімділігі мен сапасы жоғары өнімдерді шығаруды арттыру.

Қолданымдағы заңдық құжаттар ішкі еңбек тәртібі ережелерінің үш түрін қарастырады – типтік, салалық, жергілікті.

Ішкі еңбек тәртібінің типтік ережелері бекітілген. Оның негізінде министрлік пен ведомства халық шаруашылығының белгілі саласының ерекшеліктеріне ұқсас салалық ережелерді дайындайды, ал кәсіпорын мен мекеме әкімшілігі кәсіподақ комитетімен келісе отырып, кәсіпорынның жұмыс жағдайына сай жергілікті ішкі тәртіп ережесін шығарады.

#### *Техникалық және өндірістік эстетика және оның еңбек жағдайына әсері*

Соңғы кездерде еңбекті ұйымдастыруда кез келген салада, соның ішінде геологиялық барлау саласында еңбектің эстетикалық жағдайына көп назар аударылуда.

Өндірістік эстетика техникалық эстетиканың бөлімі, еңбек өнімділігін арттырып, еңбек энергиясын көтеру үшін эмоционалды ынталандыру мақсатында өндірістік жағдайда өндіріс ортасының адамға эстетикалық, эмоционалды әсер ету тәсілдерін дайындайды.

Өндірістік эстетиканың негізгі ережелері – түсті ғимараттар мен жабдықтарды тиімді көркемдік факторы ретінде пайдалану; кәсіпорынның аймағын көгалдандыру; тірі табиғат бұрышын жасап, өндірісті музыка арқылы жүргізуді ұйымдастыру.

#### *ГБЖ өндірісі кезіндегі жұмыс пен демалыс тәртібі.*

##### *Жұмыс уақыты.*

Жұмыс уақыты – жұмысшылар мен қызметкерлер кәсіпорында немесе мекемеде жұмыс істеуге міндетті заңмен немесе оған сай арнайы құжаттармен бекітілген бір күндегі, аптадағы немесе күнтізбелік кезеңдегі жұмыс сағатының қажетті мөлшері. Жұмысшылар мен қызметкерлердің кәсіпорындағы, мекемедегі, ұйымдардағы жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 414 сағаттан аспауы керек. Заңға сай 16 дан 18 жасқа дейінгі азаматтардың жұмыс уақыты аптасына 36 сағат, ал 15 пен 16 жастағылардікі аптасына 24 сағат, зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін адамдардың жұмыс уақыты аптасына 36 сағат болуы тиіс.

Жұмыс уақытын құқықтық реттеу жұмысшылар мен қызметкерлердің жұмыс жағдайын жасап, қорғаумен қатар жұмыс уақытын толық және өндірістік пайдалану мен оны үнемдеуді қамтамасыз етеді.

*Демалыс уақыты.*

*Демалыс уақыты - жұмысшының жұмыс уақытынан тыс кездері. Демалыс уақытының жалпы ұзақтығына: жұмыс кезіндегі үзіліс (түскі ас кезі, жыл сайынға демалыс), демалыс күндері, мерекелік күндер, жыл сайынғы демалыстар енеді.*

*Далалық ГБЖ кезінде әйелдер мен кәмелеттік жасқа толмаған балалардың еңбегін қорғаудың ерекшеліктері.*

Әйелдердің еңбегін қорғау. әйелдердің ағзасының физиологиялық ерекшеліктерін, аналық пен балалықты қорғауды, отбасындағы әйелдің ролін есепке ала отырып, еңбек туралы заңдық құжаттар әйелдердің еңбегін қорғау туралы арнайы кепілдіктерді бекітеді. әйелдердің еңбегін ауыр және зиянды жұмыстарда, жерасты жұмыстарында (тек жерастында санитарлы және тұрмыстық қызмет көрсетуде ғана пайдаланылады) пайдалануға тыйым салынады. Еңбек туралы заңдар әйелдерге бекітілген мөлшерден артық ауыр заттарды көтеріп, қозғалтуға тыйым салады:

өзге жұмыстармен алмасқан кезде 15 кг жүктерді көтеріп, қозғалту;

биіктігі 1,5 м, салмағы 10 кг жүктерді көтеру;

жұмыс ауысымы кезінде үнемі 10 кг жүктерді көтеріп, қозғалтуға болады.

Әйелдерге құм, астық, жеміс-жидек т.б. дүниелерде аз мөлшерде көтеруге рұқсат етіледі.

Әйелдерді түнгі уақытта жұмысқа тартуға тыйым салынады, тек халық шаруашылығының кейбір салаларында ғана уақытша жұмысқа шақыруға жол берілген.

Жүкті әйелдерді, омырауда баласы бар аналарды, бір жасқа дейінгі баласы бар әйелдерді демалыс күндері жұмысқа тартып, іс сапарға жіберуге тыйым салынады.

Еңбек туралы заңдар жүкті әйелдерді жүктілік кезінде бұрынғы жұмысының орташа еңбек ақысын сақтай отырып одан жеңіл жұмысқа ауыстыруды қарастырады.

Әйелдерге жүктілік кезінде босанғанға дейін 56 (8 апта) күнтізбелік күн және босанғаннан кейін 56 күнтізбелік күн демалыс беріліп, бұл уақыттарға мемлекеттік әлеуметтік қорғаудан жәрдемақы төленеді.

Омырауда баласы бар және 1 жасқа толмаған балалары бар аналарға демалу мен тамақтануға берілген жалпы уақыттан тыс баласын тамақтандыру үшін қосымша үзіліс беріледі. Бұл үзілістің арасы 3 сағат, ұзақтығы 30 минуттан аспауы керек.

Жүктілігін немесе омырауда баласы барын сылтау етіп, әйелдерді жұмысқа алмай қоюға немесе еңбекақысын төмендетуге тыйым салынады.

*Кәмелеттік жасқа толмағандардың еңбегін қорғау.*

Кәмелеттік жасқа толмағандар деп 18 жасқа толмаған адамдарды айтады. Жасы 16-ға толмаған адамдарды жұмысқа алуға тыйым салынады.

Жастардың еңбек құқығын жедел жүзеге асыру мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдарда кәсіпорын жұмысшылары мен қызметкерлерінің жалпы санының 0,5-тен 10%-ке дейінгі орыны жасөспірімдерге сақталып, беріледі.

Ауыр және зиянды жағдайлардағы жұмыстарда 18-ге толмаған адамдардың еңбегін пайдалануға тыйым салынады.

18 жасқа толмаған адамдар медициналық тексеруден толық өткеннен кейін ғана жұмысқа қабылданады.

18 жасқа толмаған жастарды түнгі және мөлшерден артық жұмыстарға тартып, демалыс күндері жұмыс істетуге тыйым салынады.

18 жасқа дейінгі жасөспірімдер салмағы 4,1 кг артық ауырлықтағы заттарды тасып, қозғалтатын жұмыстарды атқармауы керек. Жасөспірімдерге жұмыс уақытының үштен бірін ғана алатын жағдайда ауыр заттарды көтеріп, қозғалтуға рұқсат беріледі.

16-18 жасқа дейінгі ұлдарға ауырлығы 16,4 кг заттарды, ал қыздарға 10,25 кг заттарды көтеріп, тасымалдауға рұқсат етіледі, 15-16 жастағы адамдар үшін бұл мөлшер екі есе қысқарады.

Жасөспірімдердің жұмыс күні де қысқартылады: 15-16 жастағыларға – 4 сағат; 16-18 жастағылардың жұмыс күні 6 сағат. Жасөспірімдерге жаздың күндері немесе өз қалауы бойынша жылдың кез-келген уақытында жылсайынға демалыс беріледі.

Қысқартылған жұмыс күні бойынша еңбек ететін жасы 18-ге дейінгі жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбекақысы санаты бір жұмыс күні толық қызметкерлер мен жұмысшылардың еңбекақысымен бірдей мөлшерде төленеді.

*Еңбекті қорғаудың шараларын жоспарлап, қаржыландыру.*

Еңбекті қорғаудың шараларын жоспарлап, қаржыландыру – кәсіпорын шаруашылық жылдың басында құрастыратын өнеркәсіптік-қаржылық жоспардың ажырамас бөлігі. Еңбекті қорғаудың құралдары қатаң мақсаттық сипатқа ие болып, еңбекті қорғау келісімінде жоспарланған еңбекті қорғауға арналған іс-шараларды жүргізу үшін ақша қорының шығындары мен техникалық қорлар мен материалдар арқылы анықталады. Жоғарыдағы органдар еңбекті қорғаудың іс-шараларының шығындарын есепке алмайынша кәсіпорынның қаржылық жоспарларын бекітпейді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Еңбекті ұйымдастыруға нелер жатады?
2. Еңбек жағдайы нешеге бөлінеді?
3. Еңбектің өндірістік жағдайы дегеніміз не?
4. Еңбектің жалпы жағдайына анықтама бер?
5. Ішкі еңбек тәртібінің ережелері?
6. Өндірістік эстетиканың негізгі ережелері?
7. Жұмысшы неге құқылы?
8. Жұмыс беруші неге құқылы?
9. Жұмысшы неге міндеті?

### **Сабақ № 3**

#### **ГБЖ қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру.**

Геологиялық барлау жұмыстарымен байланысты барлық жұмыстар жұмысты жобалау кезінде қарастырылуы қажет.

Жобаны құрастыру кезінде міндетті түрде барлық жұмысты орындаудың қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы бөлімдер қарастырылуы қажет. Бұл жұмыстарды орындау кезінде жабдықтар мен құрал-саймандарға арналған ТҚ бойынша арнайы іс-шаралар қарастырылуы қажет.

Өндірісте жарاقاتтың алдын алатын негізгі техникалық құралдар. Еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне үйрету. ҚТ арналған нұсқау.

Қайта қабылданған, сонымен қатар бір жұмыстан екіншісіне ауыстырылған кәсіби дайындықтан өткен барлық жұмысшылар және іс-тәжірибеден өтуге келген оқушылар мен студенттер ҚТ нұсқауларымен таныстырылулары қажет. Нұсқауды өткізудің уақыты мен сипатына байланысты жұмысшыларды кіріспе, жұмыс орнындағы алғашқылар, қайталама, жоспардан тыс және ағымды деп бөледі.

#### **ГБЖ жүргізуде қауіпсіздікті ұйымдастыруға қойылатын талаптар..**

Геологиялық барлау жұмысының кез-келген түрінің өндірісінің жобасында қауіпсіздік техникасының арнайы бөлімдері қарастырылған. Жобаларды дайындап, бекіту тәртібі, олардың мазмұны геология министрлігімен бекітілген. Геологиялық партиялардың инженер-техник жұмысшыларымен дайындалған жобалар бастапқыда экспедицияның ғылыми-техникалық кеңесімен, кейіннен өндірістік геологиялық бірлестікпен қарастырылады.

Бірлестіктің ғылыми-техникалық кеңесімен келісілгеннен кейін жоба экспедицияның немесе геологиялық бірлестіктің жетекшісімен немесе бас инженерімен бекітіледі. Ірі кенорындарды барлаудың жобалары одақтас республикалардың геология министрлігінің жетекшілігімен бекітіледі.

Қауіпсіздік техникасының бөлімі «Геологиялық барлау жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне» және геология министрлігін ұйымдастыру үшін міндетті болып табылатын қауіпсіздік техникасы бойынша директивті және нормативті құжаттарға сай құрастырылады. Бөлім жобаланған жұмыстардың барлық түрлері бойынша өндірістік санитария мен қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау мәселелеріне арналған. Мұнда сонымен қатар өртке қарсы шаралар, медициналық қызмет көрсету, қауіпсіздік техникасының қызметін ұйымдастыру, нұсқау мен жұмысшыларды қауіпсіздік техникасына үйрету қарастырылады.

Нормаларға сай бөлімде қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғаудың қажетті құралдары – жобаланған жұмыстың қауіпсіздігін арттыратын механизмдер, қондырғылар мен аспаптар анықталады.

## Сабақ № 4

### Еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру

Еңбектің қауіпсіз жағдайын қамтамасыз етудің тұрмыстық жүйесінің мынандай қызметі бар: болжау және жоспарлау, МТК, кадрларды таңдау және орналастыру, тәрбиелеу, бақылау, есептеу, талдау, бағалау, ынталандыру. Еңбек жағдайын болжау ғылыми-зерттеулік ұйымдармен жүзеге асады. Еңбекті қорғауға арналған іс-шараларды жоспарлау еңбектің қызметтік органдарымен жүзеге асады.

Бірінші санатқа жарылыс заттары, жанғыш газдардың, электрлі тирмен жарылу мүмкіндігі бар булар мен ауадағы шаңның қоспалары болатын құрылыстар мен ғимараттар жатады, бұндай жарылыс үлкен бұзылымдар мен адамдардың өліміне әкелуі мүмкін. Екінші санатқа жарылатын немесе жеңіл тұтанатын заттар сақталып, өңделетін нысандар жатады, бірақ электрлік ұшқыннан туындаған жарылыс жойқын бұзылымдар мен адамдардың қазасын туындатпайды. Үшінші санатқа жарылатын және жеңіл тұтанатын заттары жоқ ғимараттар мен құрылыстар жатады.

Найзағайлы аудандарда орналасқан лагерлі күркелерді найзағайдың тікелей соққысынан қорғау керек. Күркелердің жанында орналасқан тоғайларды жай тартқыштың тіректері ретінде пайдалану қажет, бірақта күркеге 10 метрлік жақындықта орналасқандарды пайдалану ұсынылмайды, себебі тоқтың жайтартқыштан өту сәтінде түзілетін кадамдық кернеумен зақымдану қаупі туындайды. Ағаштан жасалған бұрғылау мұнаралары мұнараның төбесінде стержнді жай тартқыштармен қорғалады, мұнда жай қабылдағыштың үстіңгі шеті мұнарадан 1-1,5 метр биіктікте болуы керек.

Металлды бұрғылау мұнаралары, өздігінен жүретін және қозғалмалы бұрғылау қондырғыларының мачталары жай қабылдағыш пен тоқ тартқыш құрылымдарды орнатуды қажет етпейді. Олардың ролін мұнара немесе мачтаның өзі атқарады.

Найзағайдың каналындағы тоқ 200 000 А-ге жетеді, ал температурасы 10 000<sup>0</sup>С. Сондықтанда найзағайдың адамға тікелей соққысы көп жағдайда өлімге әкеледі. егерде адам найзағайдың үзілген бөлігімен жарақаттанса, ол күйікке әкеледі. тоқ найзағаймен зақымданған заттан өтіп бара жатқан кездегі қадамдық кернеу мен тию кернеуімен зақымдануда қауіпті.

Ережеге сай, найзағайман мачта, құбыр, ағаштардың биік заттары зақымданады. Найзаған жердің тегіс бетіне де соққы береді.

Тауларда найзағай жақындаған уақытта ашық тұрған биік жерлерден кетіп қалу керек, биік жартастардың артына тығылуға болмайды, өйткені найзағайдың соққысынан олардың бұзылып кетуі мүмкін. Найзағай өтіп кеткенше жай тартқыштармен қорғалған күркелерде отыру керек.

Найзағай болған кезде далалы жерлерде жалғыз ағаштың түбіне тығылып, столбтарға, мачталарға 10-ге дейін жақындау қауіпті. Бір-бірінен 20-25 метр қашықтықта орналасқан екі ағаштың арасынан қолайлы жер таңдап, жазық жерлерден қашып, сәл шұңқырланған баурайларға тығылу керек. Егерде тығылуға қолайлы жер табылмаса, найзағай өтіп кеткенше жерде отыру керек.

Іштен жану двигательдері мен компрессорларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері.

ІЖД қауіпсіз жұмысы оларды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының ережесін сақтап, двигательді жұмысқа дайындауға сай қауіпті орындарды шектеп, оларды орнату жолымен қамтамасыз етіледі.

Двигельдер кірпіш немесе бетоннан жасалған іргетастан тұратын арнайы үй-жайға (қозғалмалы қондырғылардан басқа) орнатылып, мықты бекітіледі. Үй-жайға жанбайтын материалдармен қоршалған, сыртқа қарай ашылатын екі есік орнатылады. ІЖД орналастырылған үй-жай жақсы желдеткішпен, өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы керек.

Егерде бір үй-жайда бірнеше двигательдер орналастырылса, онда олардың арасы 1,5 метр қашықтықтан тұруы керек.

Стационарлы компрессорлар мен олардың двигательдері жанбайтын қабырғалы және жабынды мықты іргетасты жеке үй-жайларда орнатылады. Компрессорлардың арасындағы қашықтық 1,5 метрден, ал компрессорлар мен ғимарат қабырғасының арасындағы қашықтық 1 метрден кем болмауы керек. Егерде компрессорлар екі қатарға орналастырылса, онда олардың арасынан өту ені 2 метр болуы керек.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Электр тоғымен жұмыс істегенде неше жастағы адамдар жұмысқа кіргізілмейді?
2. Электр тоғымен жұмыс істеген адамдарда неше топтық категория болады?
3. Әр категорияға анықтама?
4. Қандай ескерту плакаттарды білесіңдер?
5. Қорғанышты өшіріулер дегеніміз не?

### III Өндірістік Санитария

#### Сабақ №9

#### Дала жұмыстарының санитариясы мен гигиенасы.

Жұмыс ауданының санитарлы-эпидемиологиялық жағдайы туралы алдын ала және кезеңді түрде ақпарат жинау.

Дала жұмыстарына шығардың алдында партияның немесе экспедицияның жетекшілігі денсаулық сақтау органдары арқылы жергілікті жерлерде қандай да бір табиғи – ошақты аурулардың (энцефалит, малярия, бруцеллеза және т.б.) бар-жоқтығы туралы анықтап алулары керек.

Дала жұмыстарын орындаушы адамдарды медициналық тексеруден өткізу. Медико-профилактикалық іс-шаралар.

Геологиялық ұйымдарға жұмысқа алынған тұлғалардың барлығы денсаулығының жағдайын жан- жақты тексеруден өткізіп, адамдардың геологиялық барлау жұмыстарына жарайтындығын білу мақсатында алдын ала дәрігерлік тексеруден өтулері қажет. Жұмыс үрдісінде кәсіби аурулардың белгілері көрінген жұмысшыларда кезеңдік медициналық тексеруден өтіп, жедел түрде өндірістік зияны жоқ жұмыстарға ауыстырылады. Жара аурулары (язва) бар, қан, бүйрек, глаукома, психикалық аурумен ауыратындар, сонымен қатар жарақат алған адамдарға дала жұмыстарына шығуға тыйым салынады.

Дала жұмыстарына жіберілетін жұмысшыларға міндетті түрде ауданның жағдайына сай арнайы инфекциялық ауруларға қарсы профилактикалық егулер жүргізіледі.

Лагердің орынын таңдау, оны орналастыру, санитарлы-гигиеналық ережелер мен мазмұнның нормалары.

Тұрғылықты жерлердің маңына лагерлерді орналастыру жергілікті билік органдарымен келісілуі керек. Партияның стационарлы лагерін орналастыру орынын таңдау кезінде оны сумен, жылумен, жануарларды азық-түлікпен қамтамасыз етуді, қажет болған жағдайда ұшақ немесе тікұшақ қонатын, автокөлікке арналған орындармен қамтамасыз етуді есепке алу қажет. Лагерді қараңғы түскенге дейін 1,5-2 сағат бұрын орналастыру керек.

Энцефалитті кенелер, улы жыландар мен жәндіктер кең таралған жерлерге лагерлерді орналастыру кезінде лагердің территориясын кезеңді түрде 3-5 күнде бір тексеріп, зиянды жәндіктерді қуатын заттарды пайдалану қажет. Жартастардың, биік ағаштардың, найзағайдың қаупі бар аймақтарға лагерлерді орналастыруға болмайды. Дала бөлімдерінде санитария мен жеке гигиенаның талаптары сақталуы қажет. Лагердің орыны мен күркелерді таза ұстау керек. Азық-түліктің қалдықтары мен қоқыстарды 50 метр қашықтықта орналасқан арнайы қазылған шұңқырларға тастау керек. Бұл шұңқырларды арнайы қақпақтармен жауып қою керек. Шұңқырдың маңына санторап орналастырылады.

Аптасына бір рет моншаға түсіп, киімді ауыстырып отыру ұсынылады. Кене энцефалиті кеңінен таралған аудандарда мынандай іс-шараларды өткізу ұсынылады:

- лагердің маңын ұзын шөптерден, бұталардан тазарту;
- жұмысшылардың барлығын кенеге қарсы киімдермен (капешонды камбинизон) қамтамасыз ету;
- күніне екі рет өзін өзі және бірін-бірі тексеруден өткізу;

Дала жағдайындағы ішкі тәртіп ережелері, тамақтану мен ас дайындау гигиенасы. Тамақты пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережесі.

Далалық отрядтың немесе партияның басшысы лагердің шекарасын анықтайды, жұмысшыларға арнайы рұқсатсыз осы шекарадан асуға болмайды. Зонаның шекарасы көзбен көріп, сөзбен байланыс жасау мүмкіндігімен анықталады. Лагердің барлық жұмысшылары 7-10 күнде бір моншаға түсіп тұруы керек. Лагерде киім кептіруге арналған орындар болуы қажет. Дала жұмыстары кезінде жұмысшылар күніне 5-6 сағатта бір ыстық тамақ ішулері керек. Жұмыстың әрбір күнінде қажетті калориямен қамтамасыз ететін тамақтанудың тәуліктік рационы құрастырылады. Лагердің ас үйі мен асханасы күркелерден 10 метрлік қашықтықта орналасып, жаңбыр мен күн сәулесінен қорғану үшін тентке ие болуы қажет. Дайындалатын тамақтың мөлшері ертеңгі күнге қалмайтындай етіп жасалынуы қажет. Дала жағдайында азық-түлікті микроптар мен кемірушілерден қорғалатындай жағдайда сақтау керек. Уақыты өтіп кеткен, бактериялармен зақымданған тамақтарды пайдалану адамның улануына әкеледі. Уланудың ең ауыр түріне ботулизм мен стафилококкамен туындаған уланулар жатады. Ауыз сумен қамтамасыз ететін көздерді (құдық, бастау, суқоймаларды) тазалықта ұстап, тұрмыстық қалдықтар мен өндірістік ластанулардан сақтау қажет. Жергілікті органдардың мемлекеттік санінспекциясы рұқсат бергеннен кейін ғана қараусыз қалған құдықтардың шикі суларын ішуге болады. Тұрып қалған суқоймалардың суын дезинфекциялаушы құралдармен: пантоцидпен, тұз қышқылының марганец қышқылды калийімен тазарту немесе 15 минуттан артық қайнату жолымен алдын ала залалсыздандырғаннан кейін ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

Кенеттен ауырғанда немесе сәтсіз оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсетудің ережесі.

Тұрғылықты жерлерден алыста орналасқан далалық партияларда медициналық қызмет көрсететін дәрігерлер болуы қажет. Далалық партияда немесе экспедиция мен партия жетекшілігінің базасында дәрігер болмаса, жергілікті жердің денсаулық сақтау ұйымдары далалық партияны медициналық қызмет көрсететін дәрігермен қамтамасыз етуі қажет. Лагер дала жұмыстарынан біршама қашықтықта болса, әрбір дала бөлімінде санитарлы инструктор болуы қажет. Дала жағдайында дәрігерлік көмек үнемі дер кезінде көрсетіле бермейді, сондықтанда барлық жұмысшылар алғашқы медициналық көмек көрсетудің әдістері мен тәсілдерін меңгерулері қажет. Партия, отряд, маршрутты топтар арнайы қорапшалармен жабдықталуы керек.

Зардап шеккен адамға алғашқы көмек жеке медициналық пакеттер мен қораптарды пайдалану арқылы өз-өзіне көмек көрсету және өзара көмек көрсету қағидасы бойынша жүзеге асады.

Әртүрлі физика-географиялық жағдайларда жұмыс жүргізу кезіндегі еңбек және тұрмыс санитариясы.

Сусыз шөлдер мен жартылай шөлді аймақтарда жұмыс жүргізетін экспедициялар суға арналған ыдстармен қамтамасыз етілуі керек. Әрбір жұмысшыда сыйымдылығы 1 литр болатын арнайы ыдыс болуы шарт.

Кенеттен кезіккен көздердің суларын, залалсыздандырылмаған, қайнамаған суларды пайдалануға тыйым салынады. Ыстық күндері жұмысты таңертең ерте бастап, күн ысыған уақытта демалу ұсынылады.

Жұмысшылардың еңбек гигиенасы мен санитариясының талаптарын сақтауын бақылау.

Дала бөлімшелерін медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету үшін олардың құрамында санитарлы нұсқаушылар болуы қажет. Санитарлы нұсқаушылар денсаулық сақтаудың жергілікті органдарының медициналық мекемелерінің келісімі бойынша өндірістен бөлініп арнайы дайындық курстарынан өтеді.

Санитарлы нұсқаушылардың ерекшеліктеріне әртүрлі жарақаттар мен аурулар кезінде алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің ережелері мен тәсілдері туралы дала бөлімшелерінің жұмысшыларының нұсқаулығы, зардап шеккендер мен ауруларға алғашқы көмек көрсету, дала жұмыстарының ныснадарын алғашқы көмек көрсететін құралдармен қамтамасыз ету, сонымен қатар барлық жұмысшылардың санитарлы-гигиеналық талаптарды орындауын бақылауды жүзеге асыру енеді.

## **Сабақ №10**

### **Өндірістік бөлмелерге және жұмыс орындарына қойылатын негізгі санитарлық-техникалық талаптар.**

Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру – адамдардың денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігін сақтаудың маңызды шарттарының бірі. Азық-түліктің микробтармен бұзылуынан және кеміргіштердің бұзуынан сенімді сақталуды қамтамасыз ететін шараларды далалық жағдайларда қабылдау қажет. Сапасыз өнімдерді пайдалану азық-түліктік улануларға- бактериялармен бұзылған азық-түлікті пайдаланудың нәтижесінде туындайтын, күшті ауруларға алып келуі мүмкін.

Азық-түліктік улану нәтижесіндегі ауру әдетте бұзылған азық-түлікті тұтынудан кейін 4-8-12 сағ кейін басталады; жүрек айнауы, лоқсу, іштің ауруы пайда болады. Кейде температура 38-39 °С дейін көтеріледі. Ауру пайда болған кезде дереу дәрігерге қаралу керек. Азық-түлікпен уланудың ауыр түрлеріне ботулизм, сальмонеллез, токсоплазмоз, сонымен қатар стафилококктармен тудырылған уланулар жатады.

*Ботулизмнің* қоздырғыштары 5 сағ бойы қайнатқан кезде де өлмейтін споралар болып табылады. Олар тек жоғары қысымда және 120 °С температурада ғана өледі. Ботулизмнің қоздырғыштары топырақта, әсіресе елдің оңтүстік аудандарында кең таралған. Олар топырақтан суға, жемістер мен көкөністерге енеді. Көбінесе адам үйде дайындалған көкөніс, жеміс, саңырауқұлақ консервілерін тамаққа қолданған кезде уланады. Ботулизмнің бацилласы анаэробты, яғни оттегі болмағанда ғана дамиды, сондықтан егер ол саңылаусыз жабық банкаға түссе, оның

дамуы үшін барлық жағдайлар түзіледі. Құрамында ботулизм токсині бар азық-түлікте бұзылуының ерекше белгілері әдетте байқалмайтынын есте сақтау қажет. Сондықтан ботулотоксинмен уланудың алғашқы белгілерінде-ақ (бас ауруы, локусу, іштің ауруы, көрудің нашарлауы, ауыр жұту, қиын сөйлеу, шөл) бірден дәрігерге қаралу керек.

*Сальмонеллез* жабайы және үй жануарлары мен құстарының (әсіресе суда жүзетін) арасында таралған. Инфекция сальмонеллез жұқтырылған азық-түлік (ет, сүт, балық өнімдері) арқылы адамға беріледі. Ауруға қатысты сенімді құрал азық-түлікті термиялық өңдеу болып табылады, өйткені сальмонеллез бактериялары қайнатқан кезде бірнеше минуттың ішінде өледі.

Жануарлар мен құстардың шикі етінде токсоплазмоз қоздырғышы болуы мүмкін. адам ағзасына еніп, қоздырғыш қанмен таралып, түрлі мүшелердің (мидың, көздің, көкбауырдың, бауырдың және т.с.с.) зақымдануына әкеледі. Тамаққа пайдаланар алдында етті мұқият термиялық өңдеу бұл аурудың алдын алады.

Азық-түліктің *стафилококктармен* бұзылу көзі көбінесе фурункулезбен және терінің өзге іріңді ауруларымен, сонымен қатар ангинамен, тұмаумен, бронхитпен және т.б. ауыратын адамдар болып табылады. Сондықтан мұндай ауруы бар адамдарды азық-түлікті дайындау бойынша жұмысқа жіберуге рұқсат етілмейді.

Тамаққа бұзылған консервілерді пайдалануға тыйым салынады. Оның сапасыздығының белгілері банка корпусының деформациясы немесе тот басуы, түбінің көтерілуі, саңылаусыздығының бұзылуы болуы мүмкін. Консервілерді банканы ашқан күні тамаққа қолданған дұрыс, қалған бөлігін таза шыны немесе эмальденген ыдысқа салу және (бір тәуліктен артық емес) салқын жерде сақтау қажет. Ашылған ет, балық және көкөніс консервілерін қаңылтыр банкілерде сақтау рұқсат етілмейді, өйткені ашық консервілерде, аурулар мен ауыр азық-түліктік уланулар тудыруға қабілетті, микробтар жылдам көбейеді.

Саңылаусыз жабық банкілердегі консервілер қалыпты температурада ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Бірақ оларды жоғары температурада (ыстық бөлмелерде, қыздыру аспаптарының жанында және т.с.с.) сақтауға болмайды.

Етті, балық пен құсты табиғи күйінде бөлме температурасында сақтауға болмайды. Олар 24 сағ ішінде қолданылуы керек.

Құрғақ өнімдерді (ұн, жарма, макарон өнімдері, кептірілген жеміс-жидек, құмшекер) қағаз пакеттерде, кенеп қаптарда немесе қақпақтары бар банкілерде жақсы желдетілетін бөлмелерде сақтау қажет. Мұндай азық-түліктегі ылғалдылықтың 15% артуы олардың бұзылуына алып келеді.

Ауыз сумен қамтамасыз ету көздерін (құдықтар, су айдындары, бұлақтар және т.с.с.) тазалықта ұстау және өндіріс қалдықтарымен, тұрмыстық шығарындылармен, қарқынды сулармен ластанудан сақтау қажет. Қараусыз қалған құдықтардан және ұсақ жерүсті су айдындарынан шикі суды ішуге пайдалану Мемлекеттік санинспекцияның жергілікті органдарымен ғана рұқсат етіледі. Егер ағынсыз су айдындарының суы ішуге пайдаланылса, онда 15 мин кем емес қайнату арқылы немесе залалсыздандырушы құралдармен: пантоцидпен, иод тұнбасымен, марганецқышқылды калий немесе тұз қышқылы ерітіндісімен өңдеу арқылы алдын ала зарарсыздандырудан кейін ғана ішуге болады.

Құрғақ және ыстық климатта далалық жұмыстарды жүргізгенде, ағзадан тер түрінде судың айтарлықтай бөлігі шыққан кезде, көп су ішудің қажет жоқ. Өйткені суды мөлшерінен артық пайдалану шөлді қандырмайды, ағзаның қажуына әкеледі. Мұндай жағдайларда су ішу режимін қатаң сақтау қажет: суды пайдаланудың тәуліктік мөлшерінен (2-2,5 л) аспауға тырысу; шөлдеген кезде аздаған суды шамалап жұту, басты сумен сулау, ауызды шаю; тұздалған немесе қышқыл (мысалы, мүгжидек сығындысы қосылған) суды ішу.

Жұмыс бөлікшелерінде және объектілерде ауыз суды, жылдам тазартылатын және зарарсыздандырылатын материалдардан жасалған, бактарда сақтау қажет. Бактардың тығыз жабылатын, құлып салынатын қақпақтары, шүмектері мен саптаяқтары болу керек. Ауыз суы бар бактар еденнен 1 м артық емес биіктікте орнатылады. Ондағы су күнделікті жаңасына ауыстырылады. Сонымен қатар ауыз су температурасының 8-ден төмен емес және 20 С артық емес болуын қадағалау керек.

Геологиялық суретке түсіру, геологиялық іздеу және жерасты жұмыстарындағы жұмысшылар суға арналған флягалармен қамтамасыз етіледі.

Геологиялық ұйымдарға жұмысқа қабылданатын барлық тұлғалар денсаулық жағдайын жан-жақты тексеру және бұл тұлғаларды геологиялық барлау жұмыстарында пайдалану мүмкіндігі жайлы қорытынды жасау мақсатында алдын ала медициналық тексеруден өтуге міндетті. Жұмыс барысында олар мерзімді медициналық тексерулерден өтеді, кәсіби аурулардың белгілері анықталған жұмысшылар, өндірістік зияндылықтармен байланыссыз, жұмыстарға дереу ауыстырылады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Дала жұмыстарына кірер алдында не істеу қажет?
2. Қандай жастағы адамдар жұмысқа қабылданбайды?
3. Партиялар мен лагерлер немен қамтамас етілуі қажет?
4. Азық-түлікпен уланған кезде неше сағаттан кейін аурулар пайда болады?
5. Сальмонеллез неден таралатын ауру?
6. Ботулизм деген не?
7. Тәулігіне қанша су ішілуі қажет?
8. Ауыз суы қалай сақталады?
9. Құрғақ өнімдерге нелер жатады?
10. Азық-түліктің стафилококктар бұзылуы қандай ауруларға әкеліп соқтырады ?

#### **Сабақ №11**

#### **Өндірістік орта факторларының адамға жағымсыз ықпалынан қорғау**

*Еңбек қауіпсіздігінің жалпы талаптары.*

ЭВМ мен және оның сыртқы құрылғыларымен жұмыс істеуге тек медициналық тексеруден, жұмыс орнындағы нұсқаулықтан және еңбекті қорғаудан білімін тексеруден өткен жұмысшылар ғана жіберіледі.

Оператордың жұмыс орнындағы міндеттері:

1. Ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
2. Кәсіпорындағы еңбекті қорғау ережелерін білу және сақтау;

3. Электірлік тоқсоғу кезіндегі және басқа да сәтсіз оқиға кезінде алғашқы медициналық көмек көрсете білу;
4. Өрт қауіпсіздік нұсқауларын сақтау;  
*Жұмыс орнын ұйымдастыру:*

Ғимарат іші табиғи және жасанды түрде жарықтандырылуы керек. Егер де құжаттармен жұмыс істелінетін болса, тағы қосымша жарық талап етіледі. Жұмыс үстелінің бетіндегі жарықтану 300-500 лк болуы керек. Жұмыс үстелдерге жарық көзі сол жақтан түсу керек. ДК қолданғандағы жұмыс орнының ауданы 6,0 шаршы метрден кем болмауы керек. Әрбір жұмыс орнындардың аралығы 2 метрден кем емес болуы тиіс. Жұмыс үстелінің биіктігі 680-750 мм, ені 500 мм болады. Экран өлшемі 31 см дан кем болмайды. Экраннан көзге дейінгі аралық 40-80 см болуы керек.

Жұмыс орны аяқ астына қоятын жабдықпен қамтылуы керек.

*Жұмыс алдындағы қауіпсіздік талаптары.*

Жұмысты бастамас бұрын құрылғылардың жарамдылығын тексеріп, жұмыс киімін кию керек. Жалғаушы кабельдер мен шнурлардың дұрыс жалғанғандығын тексеру керек.

*Жұмыс орнының жалпы жарықтандырылуын тексеру.*

Егерде жұмыс орнында жарық жеткіліксіз болса, құрылғылар мен жұмыс істеуді бастауға болмайды.

Тоқ көзін өшірмей қандай да бір жөндеу жұмыстарын жүргізуге болмайды.

ЭВМ қосылғаннан кейін оның құрылғыларын қозғалтуға болмайды. Жұмыс үстелінде артық заттар болмауы керек.

ЭВМ оның сыртқы құрылғылары және басқа да құрылғылар бар жерде шылым шегуге, тамақ ішуге болмайды.

Жұмыс кезіндегі талаптар:

Жұмыс кезінде құрылғылардың кабельдерін қолмен ұстауға болмайды. Шнуларды тек құрылғылар сөндірулі болған кезде ғана жалғауға болады. Ғимарат есіктері мен терезелері әрдайым жабық болуы керек. Оператордың қолы, киімі аяқ киімі құрғақ болуы керек.

Құрылғылардың жарамдылығын 6 айда бір рет тексеріп отыру керек. Басып шығу және басқа құралдармен жұмыс кезінде қорғағыш жабындарды ашуға және түйіндерді ұстауға болмайды.

Операторлардың үздіксіз жұмысы 2 сағаттан аспауы керек. Түнгі жұмыс кезінде үзілістің жалпы уақыты 60 минутқа арттырылады.

### **Жеке компьютерде жұмыс істеген кезде еңбекті қорғау.**

Қазіргі уақытта жеке компьютерлер барлық ұйымдарда өндірістік қажеттілікке айналды. Қазақстанда жеке компьютерлерді әр түрлі дәрежеде пайдаланбайтын бір де бір өнеркәсіп кәсіп орнын, ұйымды, білім беру мекемесін және т.б табу мүмкін емес шығар. Алай да, оларды еңгізу еңбек сипатын айтарлықтай өзгертті. Жеке компьютермен жұмыс істеу кезінде адамға әсер ететін жаңа қауіпті және зианды өндірістік факторлар (тәуекелдер ) пайда болды;



- электромагниттік және иондаушы сәулеленулердің жоғары деңгейі;
- статикалық электрдің жоғары деңгейі;
- электростатикалық өріс кернелулілігінің жоғарлығы;
- ауа иондалуының жоғарлауы немесе төмендеуі;
- жарық айқындығының жоғарлығы, тура және шағылысатын жарқыраушылық;
- сүйек-бұлшық ет аппаратына түсетін статикалық артық жүктемелер және қол саусақтарының бұлшық еттеріне түсетін серпінді жергілікті артық жүктемелер;
- керу талдауыштарына көп күштің түсуі;
- ойлауға көп күш түсу және эмоциялқ артық жүктемелер;

Жеке компьютермен жұмыс істеген кезде еңбектің ыңғайлы, қауіпсіз және зиянсыз жағдайларын жасауға қойылатын жаңа талаптар әзірленді. Бейне дисплейлік жинақтауыштар мен және жеке электрондық- есептеу машиналарымен жұмыс істеуді ұйымдастыру мен жұмыс жағдайларына қойылатын гигиеналық талаптар № 1.01.004.01. Сан ЕжН- санитарлық ережелер және нормаларымен белгіленген. Қауіпсіздік талаптарын сақтамау компьютермен жұмыс істеуде біраз уақыт өткеннен кейін қызметкердің белгілі бір қолайсыздықты сезінуіне әкелуі мүмкін: онда бас ауруы мен көздердің шаншуы, шаруашылық пен ашушандық пайда болады. Кейбір адамдарда ұйқы бұзылады, көру нашарлайды, қолдар, мойын, бел ауыра бастайды және т.б. Көп адамдар мұны қалыпты жағдай ретінде қабылдап оларды ауа райына экологияға немесе өз ағзасының ерекшелігіне жатқызып, сырқаттыққа тиісті көңіл бөлмейді. Осылайша өз жағдайын күрделендіре түседі. Сондықтан қызметкер денсаулығы үшін оның ЖК-дегі жұмысы ғана емес, сондай ақ бұл үшін жұмыс беруші № 1.01.004.01. Сан ЕжН талаптарына сәйкес ұсынатын еңбек жағдайларда маңызды.

### **Жұмыс орнына қойылатын талаптар.**

Компьютерлерде жұмыс істеуге арналған үй жайда табиғи және жасанды жарықтандыру болуы тиіс. Өндірістік қажеттілік жағдайында табиғи жарықтандырылуы жоқ үй жайды Мемлекеттік санитарлық- эпидемиологиялық қадағалау органдарымен мекемелерінің келісімімен ғана пайдалануға болады. ЖК-де жұмыс істеуге арналған жұмыс орындарын төлелік үй жайларға орналастыруға жол бермейді. ЖК орналасқан үй жайлар интерьерінің ішін әрілеуге шағылысу коэффициенті: төбе үшін -0.07-0.8; қабырғалар үшін -0.5-0.6; еден үшін- 0.3-0.5 болатын материалдар қолданылуы тиіс.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Операторлардың жұмыс орынындағы міндеттерін атаңдар?
2. Жұмыс орнын қалай ұйымдастырады?
3. Оператордың жұмыс орнына қойылатын талаптарды атаңдар?
4. Компьютермен уақытынан тыс жұмыс істеген кезде денсаулыққа қандай зиян келеді?
5. Әрбір жұмыс орындардың аралығы қанша метр болу керек?
6. Жұмыс кезіндегі талаптар қандай?
7. Экраннан көзге дейінгі аралық қанша см болуы керек?
8. Операторлардың үздіксіз жұмысы уақыты қанша сағаттан аспауы керек?

### **Желдеткіш және өндірістік ауаның жылуы.**

Өндірістік зиянды заттардың жойылуы және жұмыстық аумақта ауалы ортаның құрылуы үшін, гигиеналық талаптарға жауап беруші ретінде желдеткіш қызмет етеді.

Желдеткіш табиғи және жасанды болады. Табиғи желдету кезінде аудандағы ауа алмасуы ауданның температурасының және сыртқы ауаның немесе желдің ісі әрекетінің нәтижесіндегі айырмашылығының есебінен туындайды. Жасанды желдету ауаның қозғалысы желдеткіш көмегімен қамтамасыз етіледі.

Желдеткіш жүйесінің қызмет етуіне байланысты, яғни нақты беруге (ағын) немесе жойылуына (ілше) аудандағы ауаның немесе оған және басқа бір уақытта жүруі ағынды, ілшелі және ағынды – ілшелі деп аталады. Қызметіне байланысты желдеткіш жалпы ауысымды және жергілікті болады, жалпы ауысымды желдеткіштің қызметі бөлінетін зиянды заттардың таза ауамен белгілі концентрацияға дейін араласуға негізделген.

27-суретте механикалық желдеткішке сызбалар келтірілген. Ілшелі желдеткіштің орнатылуы ілшелі ілгіштерден (7) тұрады, соның әсерінен ауа ауданынан жойылады, желдеткіш (5), ауалысу (2), ығаздан және шаңнан тазартатын құрылғы (8), қошаған ортаның қорғауын қамтамасыз ету мақсатында бөлінетін ауаны тазарту белгіленуі қажет.

Жергілікті желдеткіш өндірістік ауданда шектелген аумақта ауалы орта жағдайын құру үшін қызмет етеді. Жергілікті ағынды желдеткіш орнатылуына ауалы душтар, оазистер және ошинділер жатады.

Жергілікті ілшелі желдеткіш түзілуінен бастап көздеріндегі зиянды заттарды жою және қағып алу үшін қолданылады. Осы жүйемен дробилкалар, бокстер, ілше шкафтар кабина мен камералар құрылады, содан дәнекерлік және балғыш жұмыстар, ілшелі зонтар жүргізіледі.

28- суретте ілше шкафы және ілше зонтар және қажағыш, шлифовальді құрылғылары көрсетілген.

Желдеткіштің негізгі параметрлерінің есебі ауаға бөлінетін зиянды заттардың бөлінуінің санына байланысты және олардың ПДК сына жылу түзетін, өндірісте бірдей уақытта адам санымен және басқа да көрсеткіштерге байланысты.

Өндірістік ауданның жылуы. Өндірістік ауданда суық кезде адамның ұзақ уақыт болуына жылу құрылғылары қазет. Жылу жүйесі үш негізгі элементтен тұрады:

- жылу алатын генератор:
- жылу желілер:
- шығарылатын орыннан жылу тасығыш:

Транспортан каналы арқылы жылу беретін аудан және жылытқыш құралдар. Орталық генератордан бірнеше ауданды жылыту жүйесі орталықтанған. Олар үйлік (генератор бір ғимараттағы қазандықтар) және аудандық, аудандық қазандықтардан бірнеше ғимараттарды жылытады. Жылу болатын және біркелкі ауданда қолданылатын жүйе жергілікті деп есептеледі. Осындай жүйелерге газды, пешті және электрлік жытқыштар жатады.

Жылытқыштар түрлері бойынша мына жүйелерге бөлінеді: сулы, булы және ауалы. Көптеген тұрғын үйлерде, аудандарда, ауруханаларда және т.б сулы жылу тасушылар жылу жеткізеді. Өндірістік аудандарды жылыту үшін булы және ауалы жүйелер қолданылады.

Геологиялық барлау ұйымдардағы өндірістік аудандағы жылуларды пайдалану үшін көбінесе орталық және жергілікті жылытқыш жүйелер газды, сулы, ауалы, булы жылу тасмалдағыштар қолданылады.

*Өнеркәсіптік желдетудің негіздері.*

Өнеркәсіптік желдету технологиялық үрдістің талаптарына жауап беретін жағдай мен адамның денсаулығына қолайлы әуе ортасын құру үшін ауаалмасуын қамтамасыз етеді.

Желдетудің табиғи, жасанды (механикалық) және аралас түрлері болады. Әсер ету орыны бойынша желдетуді жалпы және жергілікті деп бөледі. Жалпы желдету бүкіл ғимараттағы ауаның алмасуына арналған, жергілікті – зиянды заттарды тікелей түзілген жерінде жоюға арналған.

Жергілікті тартымды желдету ластанған ауаны зиянды заттың түзілу көзінен жоюға арналған. Жергілікті сорулар түрлі жабындылар, тарпалы шкафтар және т.б. түрінде орындалады.

*Басты желдету қондырғыларын сенімді пайдалану.*

Пайдалы қазбаларды жерастылық тәсілмен игеру кезіндегі бірінші сатының ең маңызды нысандардың бірі – бас желдету қондырғысы (бұдан әрі БЖҚ) болып табылады.

БЖҚ кенішті шахтаны пайдалану мерзімі ішінде қолданыстағы тау-кен қазбаларының бәрін желдетуге арналған. Сондықтан желдету қондырғыларының типі, өнәмділігі мен жасалатын қысым кеніштің, шахтаның жылдық барынша өнімділігі жобасы бойынша анықталады.

Қазбаларды желдетуге арналған ауа мөлшері жер астылық жұмыстарға бір мезгілде қамтылған неғұрлым көп адамдардың санасына, көмір қышқылына, улы және жарылыс қаупі бар газдар мен шаңдарға, жарылыс жұмыстарынан шыққан газға, іштен жану қозғалтқыштарынан шыққан газға және пневмокониоздық қаупті шаңға қарай есептелінеді.

Желдету қондырғысын тұрақты және сенімді пайдалануды кеніштің шаң желдету қызметі бас энергетик пен механиктіктің бөлімдері қамтамасыз етеді. Желдету қондырғысын пайдалану мен оған қызмет көрсетуді кәсіби дайындығы бар қызметкерлер жүргізуі тиіс.

Алайда соңғы уақыттарда БЖҚ кезекті машинистері ретінде жерастылық жағдайларда (кен өндіру) жұмыс істеуге шамасы жоқ, жеңіл жұмысты қажетсінетін адамдар жіберіліп жүр. Мұндай қадам жасай отырып, кеніштердің әкімшіліктері өз жауапкершіліктерін жете түсінбейді, өткені БЖҚ 6000В кернеумен жұмыс істейді, сондықтан қызмет көрсетуші персоналда электр қауіпсіздігі бойынша төртінші тобы болуы тиіс.

Әртүрлі датчиктерге, қосқыштарға, жүк көтергіш тетіктерге қызмет көрсетуге тура келеді, кезекші майлау жүйесін білуге және алдын ала болжамдалмаған жағдайларда дұрыс дұрыс әрекет ете білуге міндетті.

БЖҚ әр түрлі себептермен қатардан шыққан жағдайда кәсіпорында жұмыс күшін жұмсауда, сондай-ақ ақшалай түрде де орасан шығындарға ұшыратуға тура келеді. Кезекті персонал дұрыс іс-әрекеттер тез жасаған жағдайда ғана материалдық шығындарды барынша азайтуға болады.

Соңғы уақыттарда БЖҚ құрлыс кезінде олар көрсетулері диспетчерінің орталық пультіне шығарылатын мүмкін болатын әр түрлі бақылау аспаптарымен жарықтандырылады, сондай-ақ бұл кезде кезекші персоналдың болуы міндетті емес.

Алайда біздің өңірдегі кеніштер мұндай заманауи қондырғылар мен қамтамасыз етілмеген, көптеген БЖҚ-лары 25 жылдан астам уақыт бойы пайдаланып келеді, ал оларды заманауи қондырғылар мен алмастыру мол қаржыны талап етеді.

БЖҚ қатардан шыққан кезде жұмысқа резервтік желдету қондырғысын жылдам іске қосу қажет. Олай болмаған жағдайда егер БЖҚ-ның тұрып қалуы екі сағаттан асып кетсе, онда жерастылық жағдайлардағы адамдар жер бетіне алып шығарылуы тиіс немесе БЖҚ тұрып қалуы 0.5 сағаттан асып кеткен кезде таза ауа ағымына алынып шығарылуы тиіс.

Осыған байланысты БЖҚ ны пайдаланды «Пайдалы қазбалар кен орындарын жер астылық тәсілмен игеру кезіндегі өнеркәсіптік ережелерін » талаптарын білетін персонал жүзеге асырылуы тиіс.

### ***Назар аударыңыз!***

Аталған тақырып бойынша Ұлтық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Н. Әбіқаев баяндама жасады.

Мемлекет басшысы отырысқа қатысушылардың назарын өнеркәсіп пен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нақты шараларды қабылдау, алдын алу іс-шараларын жүргізу, осы

саладағы нормативтік базаны жетілдіру қажеттігіне аударды. Президент Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстанның құқық қорғау жүйесін жетілдіруді қарастыратын таяуда жарық көрген Жарлыққа сәйкес құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру және бақылау функциясын, соның ішінде стратегиялық объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуін бөлігін орындауы қажеттігін атап көрсетті.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Желдеткіш дегеніміз не?
2. Желдеткіштің түрлерін атаңыз?
3. Жылу дегеніміз не?
4. Жылу жүйесі қанша элементтен тұрады?
5. Жалпы желдету қандай болып бөлінеді?
6. Жылытқыштар қандай жүйелерге бөлінеді?
7. Табиғи желдеткіш дегенді қалай түсінесіңдер?

### **Жарықтандырудың еңбектің өнімділігі мен қауіпсіздігіне тигізетін әсері.**

Еңбектің қолайлы жағдайларын қалыптастыру үшін өндіріс ғимараттары мен жұмыс орындарын тиімді түрде жарықтандыру маңызды мәнге ие болады. дұрыс жобаланған және орындалған жарықтандыру жұмыстың жағдайын жақсартып, шаршағанды төмендетіп, өнімнің сапасы мен еңбектің өнімділігінің артуына мүмкіндік беріп, өндіріс ортасына қолайлы әсер етіп, еңбектің қауіпсіздігін арттырып, жарақаттану деңгейін төмендетеді.

Жарықтандырудың тиімді жүйесін жоспарлау үшін жарық техникасының көлемі мен бірліктері, жарықтың бірқатар қасиеттері туралы түсініктері боллулары керек.

Жарықтехникалық көлемдер. Көрінетін, адам көзімен тікелей қабылданатын жарық электромагнит өрісінің (0,40-0,76 мкм) жіңішке аралығымен байланысты.

Жарық күші  $J$  – жарықтехникасының негізгі көлемі. Оның өлшем бірлігі – кандела (кд). Кандела – 101325 Па қысым кезінде көлемнің бетінен  $1/600000 \text{ м}^2$  толық сәулеленушіден перпендикуляр бағыттағы сәулелену температурасы кезіндегі платинаның қату температурасына (2046,65 К) тең жарықтың күші.

Жарық ағымы –  $F$  – жарық ағымы таралатын нақты көздің кеңістік бұрышындағы өнімі. Жарық ағымының бірлігі – люмен. Люмен – дене бұрышында жарық ағымы 1 стерadian, жарық күшінде 1 канделла.

Жарықтандыру  $E$  – жарық ағымының өзі түсетін көлем бетіне қатынасы. Жарықтандырудың бірлігі – люкс.

Жарық –  $B$  – көз тікелей әсер ететін жарықтехникалық көлем. Жарық квадрат метрге канделамен есептелінеді.

Өндіріс орындарын жарықтандыруды табиғи және жасанды жолдармен жүзеге асырады.

### ***Табиғи жарықтандыру.***

Табиғи жарықтандыру адамның көзі үйренгенге қолайлы спектр болады. Табиғи жарық сыртқы қабырғалар арқылы терезеден енеді (бүйірлік жарықтандыру), шыныланған жарық

шамдары арқылы жабық жерлерден (жоғарыдан жарықтандыру) немесе екі тәсілмен бір уақытта (аралас жарықтандыру) енеді. Табиғи жарықтандыру тура және күн диффузиялары арқылы құрылады. Тура және диффузиялы күн жарығының арасындағы қатынас бұлттылық пен күннің биіктігіне байланысы болады.

Күндізгі уақытта жұмыс жүргізу үшін адамдар күнде болатын өндірістік және қызметтік мекемелерде тиімді және жасанды жарықтандырумен салыстырғанда дәрігерлік-санитарлық талаптар тұрғысынан алғанда жетілген болып саналатын табиғи жарықтандыру қолайлы болып табылады.

Жұмыс орындарының жарықтандырылуын табиғи жарықтандыру коэффициентінің қалыпты көлемімен бағалау қажет. Табиғи жарықтандыру коэффициентінің қалыпты мәні нақты ауданның жарық климатын есепке алу  $e_n = e_{nc}$  формуласы арқылы анықталады. Мұнда:  $m$  – географиялық ендікке байланысты анықталатын жарық климатының коэффициенті,  $m=0,8-1,2$ ;  $c$  – климаттың күндік коэффициенті,  $c=0,65:1$ .

Табиғи жарықтандыруды есептеу кезінде терезе мен жарық фонарларының көлденең ағысының көлемін анықтайды.

### ***Жасанды жарықтандыру.***

Жасанды жарықтандыру – жұмысты орындау кезінде көзге қолайлы жағдай жасауға қажетті жарық энергиясын пайдалану, алу, тарату әдістерінің жиынтығы. өндірістік белгісі бойынша жасанды жарықтандыру жалпы және аралас болады.

Аралас жарықтандыру кезінде жалпыға тікелей жұмыс орнында концентрацияланатын жергілікті жарықтандыру қосылады. Ғимараттың ішінде тек жергілікті жарықтандыруды ғана қолдануға тыйым салынады. Аралас жарықтандыру кезінде жалпы жарықтандырудың үлесі 10% - тен аспауы керек.

Жасанды жарықтандырудың жұмысты және авариялы екі түрі болады. Жұмысты жарықтандыру барлық мекемелер мен жарықтандырылатын территорияларда, табиғи жарықтандыру жоқ кезде немесе жетіспегенде адамдар мен көлік қозғалысының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін міндетті түрде орнатылады.

Авариялы жарықтандыруды жұмыс жарықтандыруын өшірген кезде пайдаланады. Ол жұмыс жарықтандыруының 5% ғана құрауы керек. Авариялы жарықтандыру жарықтың тәуелсіз көзіне ие болуы керек.

Жұмыс белдемдерін электр жарығымен жасанды жарықтандыру үшін тікелей, шағылысқан және шашылған (диффузиялы) жарық пайдаланылады. Тікелей жарықтандырудың кемшіліктері – биік ашық контрастілер мен жылтырлық. Шағылысқан жарық өте тең жарықтандыруды береді. Диффузиялы жарықтандыру аз энергияны талап етіп, көлеңке мен жылтырлықтың пайда болуын тудырады.

Өндіріс мекемелерінің жұмыс орындарын жарықтандыру жұмыстың сипаты мен нысандардың көмегіне байланысты СНиП П-4-79 мөлшерленеді.

Геологиялық барлау қазындылары мен бұрғылау қондырғыларын жарықтандыру жарықтандырудың нормаларына сай келуі керек. Бұрғылау станогінің жұмыс орындарын жарықтандыру 40 лк-дан төмен болмауы керек, кронблок үшін – 25 лк, көлденең қазындының забойының бетінде 10 лк, топырақта 15 лк, жарылыс материалдарының қоймаларында 30 лк-дан артық болуы керек.

Жерасты кен-барлау қазындыларында табиғи жарық мүлдем болмайды, сондықтан да жеке жарық шамдардың көмегімен немесе жалпы жарықтандыру тораптарынан қоректендіру арқылы жасанды жарықтандыруды қолданады. Жарық шамдардың басты және қолды екі түрлері болады, әсіресе басты жарық шамдар кеңінен таралған, олардың шамдары шахтерлардың каскаларына бекітіліп, адамның беліне байланған аккумуляторлы батареяның кабелімен қослады.

Жарық пен көздің бірқатар қасиеттері – түс, шағылысу, жылтырлық, көздің талуы, контрасты сезімталдылық, бейімделу және т.б. өндірістік жарықтандыруды таңдау кезінде маңызды роль атқарады.

Жарықтың түсі белгілі спектрлі құрамның жарығын көзбен сезуде бірқатар мөлшерде жарық көзінің спектрлі құрамына бағынышты болады. Адамдар жұмыс істейтін материал мен заттың түсіне байланысты өндірістік жарықтандыру үшін осыларға сай келетін жарық пен жарық шамның көздері пайдаланылуы керек.

Жарықтың дененің беттерімен шағылысуы шашыранды немесе айналы болады. Шашыранды шағылысу денені көруге мүмкіндік береді, сондықтан да ол күнделікті өмірде жарықтандыру мәселесін шешу кезінде маңызды роль атқарады.

Жылтырлықтың жарық көзінен шығатын тікелей және лакталған беттерден шыққан жанама түрі болады. жылтырлықтан қорғайтын негізгі шаралар мыналар: жарық шамдарды көзден  $30^0$  биіктікке қою; электр шамдарында нашар матілі шыныларды пайдалану.

Көздің шаршауы көз ауруларынан байқалады. Көздің шаршауы нашар жарықтануда, көздің көру қызметін қатты талап ететін жұмыстарды орындағанда, ұсақ және нақты бөлшектерді көп қарағанда болады. Көздің шаршауының алдын алу үшін жұмыс орындарын жеткілікті дәрежеде жарықтандырып, жарық шамдарды жылтырлықты тудырмайтын бағыттарға бағдарлап қою керек.

**Контраст** – бақыланушы бөлшек пен фонның арасындағы жарықтағы айырмашылық; контрасты сезімталдылық – көздің аз контрасттілерді ажырата білу мүмкіндігі.

Ажырата білудің күштілігі – көздің ұсақ бөлшектерді ажырата білу қабілеті. Ажырата білудің күштілігі көз алдындағы жарықтандыру мен бірқатар өзге факторларға бағынышты болады. Жарықтандыруды арттырған кезде ажырата білудің күштілігі де өседі.

Бейімделу – көздің жарықтың өзгеруіне бейімделуі. Бейімделудің екі түрі бар: қараңғы – күшті жарықтанудан әлсізге өту; жарықтық – нашар жарықтанудан күштіге өту. Екі жағдайда да көздің бейімделуі бірнеше уақытқа созылады, бұл уақыт аралығында көздің көру мүмкіндігі біршама төмендейді, бұл жұмыстың орындалуын қиындатады.

### **Бақылау сұрақтары:**

**1. Жарықтандыру дегеніміз не ?**

2. Жарықтандыру нешеге бөлінеді?
3. Табиғи жарықтануды қалай түсінесіңдер?
4. Жасанды жарықтандыруға нелерді жатқызамыз?
5. Жарық ағымына анықтама бер?
6. Бейімделудің неше түрге бөлінеді?
7. Қараңғыны қалай түсіндіре аламыз?
8. Бүйірлік жарықтандыру деген не?
9. Табиғи жарықтанудаң формуласы қандай?
10. Формулаға анықтама беріңдер?

### **Шу мен дірілдің адам ағзасына әсері.**

**Шу** – бұл есту органдарына ғана емес, адам ағзасының көптеген жүйелеріне, соның ішінде орталық жүйке жүйесіне әсер ететін жалпы биологиялық қоздырғыш.

Физикалық табиғаты бойынша шу дыбыс деңгейі мен жиілік бойынша әртүрліліктердің ретсіз үйлесуі.

Дыбыс толқындары таралған кездегі ортадағы қысымның өзгеруі дыбыстық **қысым** деп аталады.

Шуды пайда болу көздері бойынша мынандай топтарға бөледі: механикалық (машина бөлшектерінің, инструменттердің соққысынан, қозғалыстан және т.б. пайда болады); аэрогидродинамикалық (ағыстың турбулизациясы салдарынан газдың, будың, сұйықтың қозғалысы кезінде пайда болады); термиялық (жану кезіндегі газдың тығыздығының флуктуациясы мен ағыстың турбулизациясының салдарынан пайда болады); жарылысты немесе импульсты (іштен жану двигательдерінің жұмысы кезінде, жарылыс жұмыстары кезінде пайда болады).

Жиілікті құрамы бойынша шуды төмен жиілікті (300 Гц-тен төмен жиілікте); орташа жиілікті (300-1000 Гц жиілікті); жоғары жиілікті (1000 Гц-тен жоғары) деп бөледі. Спектрдің сипаты бойынша ені бір октавадан артық үзіліссіз спектрлі кең жолақты және құрастырушылармен салыстырғанда деңгейі жиіліктің екі жолағында 10 дБ-дан артық дискретті құрастырулы мональды болады. шудың уақытта азаюына байланысты шу тұрақты – жұмыс ауысымы кезінде дыбыс деңгейі уақыт аралығында 5дБА-ғағана өзгереді және тұрақсыз түрі – жұмыс ауысымы кезінде дыбыс деңгейі 5 дБА-дан артық мөлшерде өзгереді.

**Діріл** - серпімді денелердің ауытқулы қозғалысы, конструкциялар –тепе-теңдік жағдайының маңындағы ғимараттар. Жиілігі 20 Гц төмен тербелісті адам ағзасы діріл ретінде қабылдайды. Жиілігі 20 Гц жоғары тербелісті діріл және дыбыс ретінде қабылдайды.

**Діріл** адамның жүйке жүйелеріне, асқазан-шек трактісіне, бұлшықетіне, көру, есту мүшелеріне әсер етеді. Адам денесінің маңына бағытталған тік тербелістерге қарағанда көлденең тербелістердің әсерін жеңіл қабылдайды. Физикалық діріл мынандай қасиеттермен тербеліс жиілігі мен амплитудамен, тербеліс жылдамдығымен – ығысу 0-ге тең болатын жартылай кезеңнің соңындағы дененің ауытқулы қозғалысының ең жоғары жылдамдығында; дірілдің жеделдеуімен сипатталады.

Адамға беру мүмкіндігі бойынша діріл отырған немесе ұйқыдағы адамның денесіне тірек беттері арқылы берілетін жалпы және адам қолы арқылы берілетін локальды болып бөлінеді.

Қорғау шаралары. Көздегі механикалық шуды нашарлату үшін соққылы әрекеттерді соққысыз, кері-түсімді қозғалыспен – айналмалымен алмастырады, машинаның соғылысқан бөлшектерінің массасы мен көлемін төмендетеді. Тіктістілердің орнына қисық тісті немесе шевронды шестерналарды пайдаланады және т.б

Көздегі аэродинамикалық шуды төмендету үшін агрегат бөлшектерінің ағыс тамшыларының еру жылдамдығын шектеумен, құйын түзілуді төмендетумен жүзеге асырылады. Ауаөткізгіштердегі шуды ауаөткізгіштердің сыртқы бетін дыбыс жұтатын материалдармен жабу есебінен төмендетуге болады.

Забойлы желдеткіштердегі шуды төмендету үшін шуды басқыштарды пайдаланады. Басты желдеткіш құбырлардағы шуды төмендетуді дыбыс жұтқыш материалдардан дайындалған бірнеше пластинкалардан тұратын диффузорда жөнделген сөндіргіштің көмегімен жүзеге асырады. Мұндай сөндіргіштерде шудың төмендеуі 25-30 дБ-ға жетеді. Шпурларды бұрғылау кезінде перфораторлардың шуын төмендету үшін перфоратордың терезесіне бекітілген иілімді сөндіргіш-камера бекітіледі. Дірілді бұрғылаумен туындайтын жоғары жиілікті шуды бұрғылау штангасын тұтас гуммирлі қабатпен жабу арқылы төмендетуге болады.

Жергілікті дірілден қорғау. Дірілді жабдықтармен жұмыс жүргізуге алдын ала медициналық тексеруден өткен 18 жастан асқан азаматқа ғана рұқсат етіледі. Дірілді жабдықтармен жұмыс жүргізу кезінде кезеңді түрде жұмыс үрдісіне дірілдің әсерімен байланысы жоқ технологиялық операцияларды енгізу немесе жұмысшыларға әрбір жұмыс сағатынан кейін 10-15 минуттық үзілістер беру ұсынылады.

Жұмыс орындарында жалпы дірілден қорғау. Машиналардың дірілдік сипаттамасы деп жиіліктің диапазонында мөлшерленген октавты жолақтардағы дірілді жылдамдықтардың орташа квадраттық мәні болып табылады. Дірілдік сипаттамалар егерде жұмыс орнында олардың діріл деңгейі жіберілген мәннен 20% жоғары болатын болса немесе негізге берілетін динамикалық жүктемелер 50 Н жоғары болса стандарт пен машинаның паспортына енгізіледі. Егерде машинаның дірілдік сипаттамалары жіберілгендерден төмен болса, бұл машинаның паспортында көрсетілуі керек.

Дірілдің зиянды әсерін жоюға бағытталған іс-шараларға мыналар жатады: жұмыс орнында дірілдің берілуін жоятын дистанциялы басқаруларды пайдалану; машинаның жұмысы кезінде жұмыс орынын виброизоляциялауды пайдалану; жеке қорғау құралдарын пайдалану – дірілді басатын аяқ киім мен дірілді басатын қолғаптар; ұйымдастыру-алдын алу іс-шаралары.

### **Бақылау сурақтары:**

- 1. Шу дегеніміз не?**
- 2. Діріл дегеніміз не?**
- 3. Дыбыстық қысым деп нені айтамыз?**
- 4. Шу мен дірілдің адам ағзасына әсері қандай?**
- 5. Жергілікті дірілден қалай қорғанамыз?**
- 6. Дірілдің зиянды әсерін жоюға бағытталған қандай іс-шараларды білесіңдер?**



### **Өндірістік шаң мен улы заттар.**

**Өндірістік шаң** деп мөлшері бірнеше микрометрлерге дейін жетіп, баяу түрде қатты бөлшектерге қонатын жұмыс белдемінің ауасындағы бөлшектерді айтады. Пайда болуына байланысты өндірістік шаңды былайша бөледі: органикалық, бейорганикалық және аралас, дисперстілігіне байланысты – бөлшектерінің диаметрі 10мкм-нен артық көрінетін шаң деп бөледі. Микроскоптық көлем 10-нан 0,25 мкм және диаметрі 0,25 мкм-нен төмен асамикроскоптық көлемді деп бөлінеді.

Шаңның адам ағзасына қолайсыз әсер етуі бірнеше факторлармен: шаң түзетін материалдардың химиялық қасиеттерімен, дисперстілікпен және ауадағы шаңның жалпы мөлшерімен, адамның шаңданған ауада болу уақытымен, шаңның жарылыс қауіптілігімен анықталады.

Ауадағы шаң әртүрлі ауруларды да туындатады. әсіресе пневмокониоз (грек. «пнеймон» - өкпе, «кониос» - шаң) деп аталатын өкпе ауруы туындайды. Егерде ауадағы шаңның концентрациясының мөлшері санитарлы нормалардан асып кетсе ол ауруларды тудырады.

### ***Шаңмен күреске арналған іс-шаралар.***

Өндіріс жағдайында жұмысшыларға шаңның қолайсыз әсер етуімен күрес жүргізу үшін мынандай бағытта іс-шаралар атқарылады: шаңды өндірістік мекемелерден жою; өндірістік мекемелердің ауасына шаңды бөлшектердің түсуі мен шаңтүзілудің алдын алу; шаң түзетін көздерді жою; үрдістерді басқару мен дистанциялы басқаруды пайдалану; гигиеналық нормативтерді дайындау; ұйымдастыру мен медициналық емдеу-алдын алу іс-шараларын жүзеге асыруды жетілдіру; индивидуалды қорғау құралдарын пайдалану.

Ауаның шаңдануы ауадағы шаңның массалық және есептік концентрациясымен бағаланады. Массалық концентрация ауа көлемінің бірлігіндегі шаңның массасымен көрінеді, есептік –  $1 \text{ см}^3$  ауадағы шаңның мөлшерімен анықталады. Массалық концентрация негізгі болады.

### ***Зиянды улы газдар мен өндірістік шаңнан қорғану.***

Өндірістік мекеменің жұмыс белдеміндегі ауа ортасы үшін Денсаулық сақтау министрлігі зиянды заттардың шекті жіберілген концентрациясын – қазіргі кезгі зерттеу әдістерімен табылған жұмыс үрдісінде немесе бүгінгі және болашақ ұрпақтың бүкіл жұмыс өтілінің барысы мен күнделікті 8 сағаттық жұмыс кезінде ауру тудырып, денсаулыққа шектеу келтірмейтін мөлшері бекіткен. ШЖК  $1 \text{ м}^3$  ауадағы зиянды заттың миллиграммымен өлшенеді. Тәжірибеде көлемі бойынша проценттік концентрациясын бағалау да кеңінен қолданылады.

Өндірісте мынандай зиянды улы газдар мен булар жиі кездеседі: көміртегі оксиді, күкірт сутек, күкіртті газ, сынап, акролеин, альдегидтер, аммиак және т.б. жанғыш және жарылатын газдарға: метан, сутек, ауыр көмірсутектер – этан, пропан, бутан жатады.

Тау қазындыларында зиянды газдар қарапайым түрде бөлінгенде адамдар демалу үшін жақсы желдетумен қамтамасыз етеді. Нормаларға сай таза ауада мынандай компоненттер болуы керек: оттегі 20%-тен артық, көміртегі оксиді 0,0017%; азот оксиді 0,00026%; күкіртті ангидрид 0,0038%; күкіртсутек 0,00071 ; сынап 0,01 мг/м<sup>3</sup> акролеин – 0,000009%; формальдегид -0,00004%.

**Өндірістік шаң** – ауада ұзақ уақыт бойы болатын қатты заттардың ұсақ және өте ұсақ бөлшектері.

Кенді шаңдар – жерасты қазындыларының атмосферасында болатын минералды заттардың өте ұсақ бөлшектері.

Кенді шаңдармен күресіп, пневмокониоздардың алдын алатын негізгі шараларға кәсіпорындарда шаңтүзілумен байланысты шаңға қарсы тәртіпті бекіту; қарқынды желдету; тау қазындыларының бетіндегі шаңдарды шаю; шаң түзетін үрдістерде жұмысшылардың индивидуалды қорғау құралдарын пайдалануы; шаңданған ауаның әсеріне ұшыраған жұмысшылардың еңбек демалысын ұзарту; кәсіпорындарда жұмысшылардың денсаулығын жақсартуға бағытталған профилакторийлерді ұйымдастыру және т.б. жатады.

### ***Химикалийден қорғау.***

Қышқылдар мен сілтілерден қорғау. Қышқылдар мен сілтілермен жұмыс кезінде олардың буымен улану немесе осы заттардың көзге немесе теріге түсуінің салдарынан химиялық күй қауіпі төнеді.

Қышқыл мен сілтінің буларымен уланудың алдын алу үшін бұл заттармен жұмысты жұмыс столдарында немесе арнайы сөрелерде жүргізу керек және мұндай жерлерде желдеткіш құралдары да жұмыс істеп тұруы қажет.

Қышқыл мен сілтімен жұмыс жүргізгенде қышқыл мен сілтіге төзімді материалдардан дайындалған арнайы киімдерді кию керек. Көзді түрлі шашындылардан қорғау үшін резиналы шынылы көзілдірік тағу керек. Шыны ыдыстардағы қышқыл мен сілтілерді қоймадан қоймаға тасымалдау кезінде арнайы қауіпсіз арбаларды пайдаланған жөн.

Қышқыл мен сілті адам денесіне түскен жағдайда оны жедел арада су тамшысымен шайып, зақымданған жерді 15-20 минут бойы шаюды тоқтатпау қажет.

Көз зақымданған уақытта оны 15-20 минут бойы шаю керек. Жұмыс орнына жақын жерге арнайы гидранттар мен гидрант шашқыштар орнатылады.

Сумен шайғаннан кейін зардап шеккен адамға сол жерде алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіліп, зардап шеккен адамды емдеу мекемесіне жіберу керек.

Еріткіштерден қорғау. Еріткіштерге түрлі органикалық заттарды еріту мен лак пен бояуларды дайындауда қолданылатын заттардың тобын айтады.

Еріткіштер теріге жылдам еніп, жүйке ұлпалары мен майлы заттарға әсер етеді. Осындағанда еріткіштер ең алдымен орталық жүйке жүйесіне әсер етеді. Еріткіштердің адам ағзасына әсерінен қорғау үшін оларды сақтап, тасымалдау кезінде және де өндіріс үрдістерін герметизациялау мен қарқынды жергілікті және жалпы желдету кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң түрде сақтау керек.

### **Бақылау сұрақтары:**

**1. Шаң дегеніміз не?**

Диэлектриктік қорғау құралдарының, блокировкалардың, қоршаулардың, оператор мен жұмысшылардың арасында байланыстың болуы, дұрыстылығы мен кешенділігі күнделікті жұмыс басталардың алдында тексеріліп отырылуы қажет.

Қоректендіргіш және қабылдағыш тораптарда орындалатын барлық технологиялық операциялар партияның барлық жұмысшыларына берілетін команданың, белгі беру мен байланыстың алдын ала қабылданып, бекітілген жүйесі бойынша жүргізіледі.

Электрлі барлау қондырғысының жұмысын геофизик-оператор жүзеге асырады. Тоқты қоректендіргіш желіге қосу туралы бұйрық берердің алдында оператор аппаратураны дайындап,

барлық жұмысшыларға өлшемді жүргізу тәртібі туралы нұсқау беріп, қоректендіргіш торапты тексеріп, кемшілік жоқ екендігіне, жерлендіргіштің жұмысы аяқталғандығына көз жеткізуі керек. Электрлі барлау кезінде өнеркәсіптік ылғалдылық жағдайында жұмысты орындаушы қауіпсіз жағдайлардың алдын алатын барлық шаралар туралы толық хабардар етуі керек. Құрғақ құмды топырақ, қарлы және мұзды жерлер, асфальты оқшаулар жақсы оқшаулағыш қасиетке ие болады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Геофизикалық жабдықтар қанша жоғары кернеулі электрлі желілерге қосылуы керек?
2. Электрлі барлау қондырғысының жұмысын кім істейді?
3. Электрбарлауда қолданылатын қондырғыларды атандар?
4. Электрлі барлау жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін атандар ?

### **Магнитті және гравитациялы барлау.**

Магнитті барлау магнитті қасиеттердің ерекшелігін анықтауға, ал гравитарлау тау жыныстары мен пайдалы қазбалардың тығыздығының ерекшелігін анықтауға негізделеді.

Автомашинаның көмегімен магнитті және гравитациялы барлау жұмыстарын жүргізу кезінде аспаптарды жолдың екінші жағына орналастыру керек. Аспаптармен бақылау жүргізу кезінде, әсіресе көтеріп, түсіретін жерлерде автокөліктерді тоқтатқанда шофер кабинада болуы керек. Бұл кезде тежеуіш пен жылдамдық қосылуы керек.

Термостатсыз кварцті гравиметрдің сезімтал жүйесін алу кезінде қорғанышты көзілдірік кию керек, өйткені кварцты жүйе сынатын болса, көзілдірік көзге сынықтардың түсуінен сақтайды.

Гравитациялы және магнитті аспаптардың оптикалық түтіктері арқылы бір көзбен есептерді алғанда екінші көзді ашық қою керек. Сонымен қатар мұнда есеп жүргізіп тұрған көздің шаршауыда қорғалады. Егерде бақылауды далалы ашық таулы аймақтарда ашық күндерде жүргізсе күннен қорғайтын көзілдірік кию қажет.

Триангуляциялы және бұрғылау мұнараларында, сонымен қатар тау қазындыларында гравиметрмен, градиентометрмен және магнитометрмен бақылауды арнайы нұсқаудан кейін геодезиялық және таукентехникалық бақылауының рұқсатымен жүргізу керек.

### **ҰГЗ жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережесі.**

Геофизикалық зерттеулерді тек арнайы дайындалған ұңғымаларда ғана жүргізуге рұқсат етіледі. Дайындық геофизикалық зерттеулердің барлық кешендерін жүргізуге қажетті уақыт аралығында ұңғымалы аспаптар мен каротажды белдемдерді кедергісіз түсіріп, көтеруді қамтамасыз етуі керек.

Ұңғымаларда төмендегідей геофизикалық зерттеулерді жүргізуге тыйым салынады:

- газдаушы және сіңіруші;

- статикалықтағыдан төмен бұрғылау ерітіндісінің деңгейіндегі (мұнай мен газ кенорындарында);

- бұрғылау қондырғыларында геофизикалық зерттеулермен байланысы жоқ жұмыстарды орындау кезінде геофизикалық зерттеулерді жүргізуге тыйым салынады.

Радиоактивті сәулеленудің барлық түрлері адам ағзасында қалыпты биохимиялық үрдістердің бұзылуына әкелетін өзгерістерді туындатады. Бұл өзгерістер үрдістердің қабырғаларына бағынышты болады. Бұл өзгерістер сәулеленудің ену мүмкіндігінің деңгейіне, әсер етудің мөлшері мен уақытына, сонымен қатар ағзаның жағдайына бағынышты болады. Осыған байланысты радиоактивті заттарды пайдалану кезінде ұңғымадағы жұмысты дұрыс сақтау, тасымалдау және жұмыс орындарының тазалығын бақылауды ұйымдастыру арқылы атқарушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Сәулеленудің алдын алу үшін төмендегідей ережелерді сақтау керек:

1. берілген жұмыс үшін қажетті төмен белсенділікті сәулелену көздерін пайдалану;
2. сәулелену көздерінің барлық операциялары өте қысқа уақыт аралығында жүргізіледі;
3. дистанциялы аспаптарды пайдалану жолымен сәулелену көзінен ең жоғары мүмкіндіктегі қашықтықта жұмыстарды жүргізеді;
4. контейнер, экран, арнайы киімдер түріндегі қорғау құралдарын пайдаланады;
5. радиометрлік және дозиметрлік бақылауды жүзеге асырады.

Сәулеленудің үш категориясы бар:

1. А категориясы – иондалушы сәулелену көзімен тікелей жұмыс жүргізетін тұлғаларды кәсіби сәулелендіру;
2. Б категориясы – радиоактивті заттармен және иондалушы көздермен жұмыс жүргізетін, бірақ олармен тікелей айналыспайтын үй-жайлардағы адамдарды сәулелендіру;
3. В категориясы – санитарлы-қорғау белдемінің территориясында тұратын тұрғындарды сәулелендіру.

Жұмысшыларға қойылатын негізгі талаптардың бірі радиоактивті заттармен кез-келген жұмыс жүргізу кезінде ұқыпты болып, қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау.

Негізгі ережелерге мыналар жатады:

1. Радиоактивті заттармен жұмыс жүргізушілер үй жайларда арнайы киімдер – халат пен қалпақтарды, кеніштерде – комбинизон киюлері керек. Ашық радиоактивті заттарды моникуляциялауды резеңке қолғаптармен жүргізу керек;

2. радиоактивті шаң мен радонды жұту қауіпі туған жағдайда ШБ-1 респираторы мен ЛИЗ-3 пневмомаскасын пайдалану қажет. Егерде жұмыс радиоактивті заттармен жүргізілсе, клеенді және хлорвинилді фартуктарды пайдалану керек;

3. радиоактивті заттармен жұмыс жүргізілетін үй-жайлар мен қазындыларда шылым шегіп, тамақ ішіп, азық түлік өнімдерін сақтауға тыйым салынады;

4. жұмыстың барлық циклін орындауға қажетті радиоактивті заттар арнайы тіркелген сақтау орындарында сақталады. Қандай да бір тәжірибені немесе оның сериясын орындауға қажетті радиоактивті заттар сәулелендіруге арналған қорғасынды контейнерлерде, тез қозғалатын нейтрондар үшін парафинді контейнерлерде сақталады. Газ бөлетін радиоактивті заттар сазымалы шкафтарда сақталады.

5. сәулелендіргіштерді тасымалдау қажет болған жағдайда дистанциялы заттарды пайдалану арқылы арнайы контейнерлерде жүргізіледі.

6. Радиоактивті заттармен жұмыс жүргізуге дәрігерлік тексеруден өткен, радилактивті заттармен жұмыс жүргізудің ережелерін білетін 18 жасқа толған адамға рұқсат етіледі.

7. НРБ-69-ға сай радиоактивті заттармен жүргізілетін барлық жұмыстар күнделікті дозиметрлік бақылаумен жүргізіліп, нәтижелері әрбір жұмысшыға арналған жұмыс орыны мен үй-жайдағы дозиметрлік бақылау журналына енгізіледі.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ұңғымаларда төмендегідей геофизикалық зерттеулерді жүргізуге тыйым салынатын шараларды атаңдар?
2. Сәулеленудің үш категориясын атаңдар?
3. ҰГЗ дағы негізгі ережелерге нелер жатады?

### **Көтеріп, түсіру механизмдерімен және аппаратураларды түсіріп, көтеру жұмыстары кезіндегі ҚТ ережелері.**

Аспаптарды ұңғымаға түсірердің алдында төмендегі жағдайларды орындау қажет:

- Каротажды көтергішті көтергіш, зертхана мен ұңғыма сағасының арасындағы белгі беру мен жақсы көрінгіштік қамтамасыз етілетіндей орналастыру;
- Каротажды станцияны дұрыс бекіту;
- Ұңғыманың сағасындағы блок балансты мықтап бекіту;
- Каротажды станция мен ұңғыма сағасының арасындағы участоктағы каротажды кабельдің еркін қозғалысына кедергі жасайтын барлық заттарды алып тастау;
- Шығырдың тежегіш механизмдерінің дұрыстығы мен аспаптарды, снарядтар мен жүктерді бекітудің сенімділігін тексеру;
- Каротажды снаряд пен жүктерді көтеріп, түсіруде пайдаланылатын қондырғылардың прицептерінің дұрыстығын тексеру;

Снарядты ұңғымаға түсіруді 2,8 м/с үлкен емес жылдамдықта жүргізіледі, снарядты ұңғыма забойына жақындатқан кезде кедергіге жол беруге байланысты түсірудің жылдамдығы 0,15 м/с-қа дейін төмендейді.

Ұңғымадағы снарядтарды кабелдегі блок-балансқа тасымалдаудың алдын алу үшін 3 ескерту белгісін жасау керек:

- Біріншісі снаряд басынан 3-5 м қашықтықта;
- Екіншісі снаряд басынан 50-70 м қашықтықта;
- Үшіншісі снаряд басынан 80-90 м қашықтықта.

### **ҰГЗ жүргізу кезіндегі қауіпсіздіктің негізгі шаралары.**

Бұрғылау қондырғыларында жұмыс жүргізу кезінде каротажды отрядтың жұмысшылары шлемді қорғау каскаларын, 3 метрден биік жерлерде жұмыс жүргізу кезінде сақтандыру белдіктерін қолданулары керек. Ұңғымалардың геологиялық барлау зерттеулеріне дайындығы актпен



рәсімделіп, тапсырыс беруші мен геологиялық барлау кәсіпорынының жауапты тұлғалары қол қояды.

- Тәуліктің қараңғы кездерінде жұмыс жүргізу кезінде ұңғыманың сағасы, ұңғыма сағасы мен көтергіштің арасындағы кеңістік, сонымен қатар каротажды жабдықтарды орналастыратын барлық жерлер жарықтандырылады.
- Каротажды станция мен ұңғыма сағасының арасында кабелдің қозғалысына кедергі жасайтын заттар болмауы керек, ал бұрғылаудың едені жуу сұйықтығы мен кірлерден тазартылуы керек.
- Геофизикалық жұмыстарға тікелей қатысы жоқ құралдар, заттар мен материалдарды ұңғыманың сағасынан алып тастайды.
- Тежегіш басқару жүйесінің, кабел қойғыштың, көтергіштің қорғау қоршаулары мен блоктардың дұрыстығын, зондты кабелге бекітудің дұрыстығын шығыршы ұңғымадағы әрбір жұмысты бастардың алдында тексеріп отыру керек.
- Жабдықты электрлі желімен қосатын кабелді екі метрден артық биіктікке іліп, жұмысшылардың қозғалысына кедергі жасамайтындай етіп жолдардың екінші жағына орналастырады. Кабелді жұмысшы электрлі сызбаны толық жинап болғаннан кейін қоректендіру көзіне қосуға рұқсат етіледі.

## **Сабақ № 21**

### **Тау-кен жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері.**

Адамдарды клетке отырғызудың дұрыстығы мен қауіпсіздігін және олардың клеттен шығып, көтеру қондырғысындағы машинистке клетті көтеріп немесе түсірудің қажетті туралы сигнал беруін бақылауды ғимараттың қабылдау үй-жайындағы тұтқашы-белгі беруші мен әрекеттегі көкжиектің оқпан маңындағы алаңында болатын оқпанды-белгі берушілер жүзеге асырады. Көтеру қондырғысының машинисті клетті түсіріп, көтеруді тұтқашы берген белгі бойынша ғана жүзеге асырады. Клеттің ұзын жақтарының маңында клеттің қозғалысы кезінде адам тіреніш ететін құралдар орнатылуы керек.

Клеттер автоматты түрде әрекет ететін ұстағыш парашюттармен жабдықталуы керек.

Қазындылардың соңғы пунктерінің белгілерінің арасындағы қашықтық 40 метрден асатын еңісті қазындылар бойынша адамдарды механикалық түрде тасымалдау жабдықталуы керек. Адамдарды еңісті қазындылар бойынша тасымалдау қақпағы бар арнайы вагонеткалармен жүзеге асырылады. Адамдарды тасымалдауға арналған пойыз сенімді, қарсылықсыз әрекет ететін арқан үзіліп кеткен жағдайда кенеттен берілетін соққысыз пойызды тоқтататын автоматты парашюттармен жабдықталуы керек.

Адамдарды таситын вагонеткалар өзара қосарлы тұстастырғыштармен немесе бір тұстастырғыш пен қорғаныш шынжырымен қосылуы керек.

Жүктерді тасымалдау жүргізілетін барлық көлденең қазындылар адамдардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін қазындының бекітпелерінің арасында еркін өткелдерге ие болуы қажет.

Жарылыс материалдарын көлік қондырғыларында тасымалдау үшін пресстелген оқ-дәрілі зарядтар мен тротил үшін ағаш немесе пластмассалы және шашыранды оқ-дәріні тасымалдау үшін мырышты жәшіктер қарастырылуы керек. Тамысалдау қондырғыларының бөлімшелерінде бір уақытта жарылыс заттары мен бір топтың жарылыс құралдарын тасымалдауға болады. кумулятивті

зарядтарды қатарларының арасына жеңіл материалдар төселген жәшіктерде тасымалдау қажет. Шынылы қабықтағы кумулятивті зарядтарды жеке жәшіктерге орналастырады. Кумулятивті перфораторларға арналған жарылыс патрондарын зарядтардан жеке зауыттық қораптарда тасымалдау керек. Жарылыс материалдарын тасымалдау кезінде кілттеп, кілтті материалды алған адамға беру керек.

Куммулятивтілерден басқа оқпаны түрлі бағыттарға қаратылған зарядталған атқыш аппараттарды тасымалдау өткізбейтін материалдармен жүргізілуі керек. Мұндай тасымалдау перфоратор атылған жағдайда қоршаған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бірақта оқпандар бір бағытқа қаратылған жағдайда колоннаның өзін атумен, қабытты беруде нашарлайды. Перфоратордың өту қабілеттеріне әсер ететін факторлардың бірі оқты қоршаумен қарсы алу бұрышы.

Оқпандары қарсы жақтарына тік бағытталған атқыш аппараттарды тасымалдау ағаш жәшіктермен жүргізіледі. Мұнда оқпандар жоғарыдан төмен бағытталуы керек.

Жарылыс аппараттарын ұңғымаға тасымалдау жарылыстың орнатылған қондырғыларыңыз аппараттың қозғалуына кедергі жасайтын арнайы құралдарында жүргізіледі. Жарылыс аппараттарын қорғаныш тығынының жарылғышының үстіндегі ұясына бекітілген конструкцияға байланысты тасымалдайды.

Тасымалды перфораторлы көтергіштердің қозғалмалы зарядты шеберханаларында, сонымен қатар жарылыс материалдарын тасымалдау үшін арнайы жабдықталған автомашиналарда жүргізеді.

Тасымалдау кезінде жарылыс материалдарын құлыпқа салып, кілтін аппараты алған адамға беру керек.

### **Тау-кен жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік шаралары**

Осы геологиялық барлау кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік талабы осы мақсаттарға арналған пайдалы қазбаларды іздестіру және барлау, ғылыми-зерттеу инженерлік, жобалау және конструкторлық жұмыстарға таралады.

Барлық геологиялық жұмыстар бекітілген жобалар бойынша жүргізіледі.

Геологиялық барлау жұмыстары үшін:

- 1) аварияны жою жоспары;
- 2) өндірістік бақылау туралы талап;
- 3) технологиялық регламент дайындалады.
4. Басқа ұйымдардың қызметінің аумағындағы барлық түрдегі геологиялық барлау жұмыстары және геологиялық зерттеулер осы ұйым басшыларының келісімі бойынша жүргізіледі.
5. Жаңа объектілерді, күрделі жөндеуден немесе қайтадан құрудан кейінгі объектілерді іске қосу ұйым басшылығы тағайындайтын комиссия қабылдағаннан кейін іске асырылады.
6. Көлік құралдарында (прицептерде, шана негіздерінде (базаларда) орналастырылған өзі жүретін және жылжымалы геологиялық барлау құрылғыларының (бұрғылау, геофизикалық, тау кен бұрғылау, гидрогеологиялық және басқа), оларды жұмыстың бір орнынан екінші орынға

ауыстырған кезде қондырғыны қайта монтаждау талап етілмесе, (күштемелі желілер, жүк көтеру құрылғыларды ауыстыру, жұмысқа өту орындарын ауыстыру және тағы басқа) өздігінен жүретін және жылжымалы (жүзетін) геологиялық барлау құрылғыларының техникалық жағдайын тексеру жүргізіледі.

7. Геологиялық барлау жұмыстарының барлық объектілері (бұрғылау учаскелері, тау-кен барлау және геофизикалық жұмыстар, геологиялық түсіру және іздестіру партиялары, отрядтары) партия базасымен немесе экспедициямен тәулік бойы байланыспен қамтамасыз етіледі.

8. Жұмыскерлер мен мамандар арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және жеке ұжымдық қорғаныстың басқа да құралдарымен жұмыс шартына сәйкес қамтамасыз етіледі.

9. Технологиялық процестерді орындау кезінде:

1) өндірістік ғимараттың микроклиматы;

2) жұмыс орындарындағы жіберілетін шу деңгейі;

3) жұмыс орындарындағы қосымша діріл деңгейлері іске асырылады.

10. Адамдарға қауіп төнуді көрген әрбір жұмыскер қауіпсіздікті жою жөніндегі барлық шараларды қабылдау және қауіп төну туралы бақылау тұлғасына хабарлайды.

Бақылау тұлғасы қауіп төнуді жою жөнінде шаралар қабылдайды, қауіп төнуді жою мүмкін болмаған жағдайда жұмыс тоқтатылады, жұмыс істеушілерді қауіпсіз жерге шығарып, лауазымы жағынан жоғары тұлғаға хабар береді.

11. Әуе көліктерін қолданатын геологиялық барлау ұйымдарының қызметкерлеріне ұшу қону алаңдарында, қону және ұшақтар мен тікұшақтардан шығу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау бөлігінде нұсқаулық жүргізіледі.

12. Геологиялық ұйымдардың жеке құрамын және жүктерін әуежайға және ұшу (қону) алаңдарына жеткізу бақылау тұлғасының басшылығымен жүргізіледі.

13. Жүзу құралдарын қолдану және қозғалу кезінде кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

14. Алкоголь, есірткі немесе токсикалық мас болу, сырқаттану жағдайындағы адамдар жұмысқа жіберілмейді.

15. Геологиялық ұйымдарда дала жұмыстарында зардап шеккен және сырқаттанған адамдарды жақын орналасқан емдеу мекемелеріне жеткізу тәртібі орнатылады.

16. Геологиялық барлау жұмыстары кезінде қоршаған ортаға қолайсыз әсер етуді жоюды осы жұмыстарды жүргізетін ұйымдар іске асырады.

Жұмыс объектілерінде жұмыс істеу кезінде қолданылатын химиялық реагенттерге адамдар мен қоршаған органы қорғау шараларын көрсете отырып, оларды қолданудың технологиялық регламенті әзірленеді.

## 2 Шурфтарды Бұрғылау

Жұмыс сипаттамасы. Шпурларды қол және колонкалы перфораторлармен, электр бұранды үскілермен, пойнттармен, қол бұрғымен бұрғылау. Шпурларды бұрғылап сіңіру және бұрғылау, оларды забойға жылжыту және орнату процесінде өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларын басқару. Гидроқтарды басқару, автобергіні реттеу және ыңғайлау. Бұрғы механизмдері мен бұрғы қондырғаларын жұмысқа дайындау. Кен қазбалары тоғысын штаншілі бекітуге қатысу. Бұрғылау-жару жұмыстары паспортына сәйкес шпурлардың орналасуын белгілеу. Жерге қосуды тексеру. Бұрғы механизмдерін энергетикалық желіге қосу. Шпурларды үрлеу, жуу, бұрғылау барысында оларды және қаптамаларды ауыстыру. Бұрғыларды, долоттарды, қаптамаларды іріктеу. Тығындарды бұрғыланған шпурларға дайындау және сіңіру. Көпіршелерді тұрғызу, пневматикалық және басқа да қолдаушы құрылғыларды орнату. Жұмыс орнын қарау, оны қауіпсіз жағдайда ұстау, беткей мен шатырды жинауға қатысу. Уақытша бекітпе орнату. Бұрғы механизмдері мен бұрғы қондырғаларының жұмысындағы ақауларды анықтау және жою. Бұрғы механизмдері мен қондырғаларын техникалық күту, олардың қажалатын тораптарын майлау. Пневматикалық магистральдерді, сумен жабдықтау және желдету жүйелерін жеткеруге қатысу.

Білуге тиіс: қызмет көрсететін бұрғы механизмдері мен бұрғы қондырғаларының құрылымын;

жетектердің гидравликалық жүйесінің, ауыстырып беру қорабының, дизельді қозғағыштар мен қызмет көрсететін бұрғы қондырғыларының басқа да тораптарының жұмыс принципін, оларды бөлшектеу және құрастыру тәртібін; бұрғы қондырғыларын кен қазбалары бойынша тасымалдау ережесін;

шпурларды оңтайлы орналастыру және сызбалары мен олардың тереңдігін;

бұрғылау-жару жұмыстары паспортының мазмұнын және оны толтыру тәртібін; бұрғыланатын тау кен жыныстарының ерекшелігіне қарай бұрғы құралына май құю сапасына қойылатын талаптарды; қаптаманы қайрау жөніндегі жұмыстың тәртібі мен оны қабылдауды; тау-кен жыныстарының қасиеттерін мен олардың жату сипаттамасын; кен қазбаларының атауын және орналасуын; пайдалы қазбаның бос жыныстан айыратын сыртқы белгілерді; бұрғылау кезінде шаң пайда болуымен күресу шараларын; қозғағыштарға, шассилер мен гидроқұбырларға арнап қолданылатын майлардың сұрыптарын және майлау жүйесін; бұрғы құралын күтіп ұстау мен ауыстыру ережесін; желдеткіш пен жұмыс орнын сығымдалған ауамен және сумен қамтамасыз ету сызбасын; энергетикалық желі құрылымын және сызбасын; электротехника, геология, пайдалы қазба орындарын барлау жөніндегі негізгі деректерді; электр желілеріндегі кемуді жою әдістерін; уақытша бекітпені орнату мен бұрғы механизмдері мен бұрғы қондырғалары жұмысындағы ақауларды жою тәсілдерін; жару жұмыстарын жүргізудің ережесі мен тәсілдерін.

Шпурды қолмен бұрғылау кезінде - 3-разряд;

шпурларды қол және колонкалы перфораторлармен, массасы 35 кг дейінгі (массасы пневмоқолдауышпен қоса көрсетіледі) электр бұранды үскілермен ашық жұмыста бұрғылау кезінде - 4-разряд;

шпурларды қол және колонкалы перфораторлармен, массасы 35 кг артық электр бұранды үскілермен ашық жұмыстарда және 35 кг дейін жабық қазбаларда, штольняларда, шурфтарда бұрғылау кезінде; шпурларды дизельді қозғағышпен жабдықталғандардан басқа бұрғы қондырғыларымен бұрғылау кезінде – 5-разряд;

шпурларды қол және колонкалы перфораторлармен, массасы 35 кг артық электр бұранды үскілермен жабық қазбаларда, штольняларда, шурфтарда бұрғылау кезінде; шпурларды дизельді қозғағышпен жабдықталған өздігінен жүретін бұрғы қондырғыларымен; шпурларды су асты бұрғылау кезінде - 6-разряд;

шпурларды арнаулы забойларда перфораторлармен, бұрғы қондырғыларымен, электр бұранды үскілермен бұрғылау және пайдалы қазба қабатының өнімділік қуатын өлшеу, кен жынысының бұрғылануын, уатылғыштығын сынау және бұрғылау-жару жұмыстарының оңтайлы параметрлерін анықтау үшін кен массасын уатқыш балғамен уату кезінде – 7- разряд.

7-разрядты шпур бұрғылаушы үшін орта кәсіптік білім талап етіледі.

Ескертпе. Шпур бұрғылаушының көмекшілері шпур бұрғылау құқығы болса шпур бұрғылаушыдан бір разрядқа төмен, ал құқығы болмаса – екі разрядқа төмен тарифтеледі.

### 3 Беткі кен объектілерін зерттеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы

Үлкен жарлардан өткен қазбаларда сынамалар алу кезінде қазбалардың беткейлері мен борттарынан жыныстар бөліктерінің түсуінен қорғану жөніндегі шаралар (қорғаныс барьерлер, қорғау щиттері) қабылданады.

Бір немесе бірнеше сынама алушылар бір уақытта жұмыс істеу кезінде олардың жұмыс учаскелерінің қашықтығы 1,5 м кем болмайды.

Сынамалы кертпештер үстінде орналасқан бермалар шеттері, жыныстардан бос болады. Алынған жыныстар қазбаның жоғары контурынан 0,5 м кем емес қашықтықта орналастырылады. Өңделген сынамаларды қазбалардың бермалары мен кертпештеріне салуға жол берілмейді.

Тас құлау, жар және қар кәріздері, жар үйінділерімен, қабырғалары әлсіз тұрақты тар шатқалдар мен ілініп қалған шойтастармен зақымданған учаскелерден сынама алуға жол берілмейді.

Өзен және көлдердің жағалық жалаңаштануын судан сынамалауға жұмыс істеуге кедергі келтірмейтін якорланған қайық немесе сал тербелісі кезінде жүргізуге рұқсат етіледі.

Су кемерінен төмен сынама алу дистанциялық сынамалау және сынама жинауды қамтамасыз ететін құрал-жабдықтар, инструменттер немесе механизмдерді қолдана отырып жүргізіледі.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Технологиялық процестерді бақылау кезінде тексерілетін параметрлер ?
2. Геологиялық барлау жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік шарасы туралы жалпы түсінік ?
3. Беткі кен объектілерін зерттеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ?

#### **Сабак №22**

#### **Қопару жұмыстарындағы қауіпсіздік шаралары**

#### **ЖМ тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік ережесі.**

ЖМ қоймалардан жұмыс орындарына тасымалдауды толық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ережелерді қатаң түрде сақтау арқылы темір жол, су, әуе, автомобиль көліктерімен тасымалдайды.

Тасымалдаудың кеңінен таралған тәсілі «Жарылыс материалдарын автомобиль көлігімен тасымалдау ережелеріне» сай жүзеге асырылатын автомобиль көлігімен тасымалдау, ережелерге сай төмендегідей жағдайларды ескере отырып, ЖМ тасымалдаудың жол бағыты да таңдалады:

- Мүмкіндігіне сай тасымалдаудың жол бағыты тұрғылықты жерлер мен архитектуралық ескерткіштердің маңынан өтпеуі керек;
- Тұрғылықты жерлердің маңында мүмкіндігіне сай ЖМ тасымалдаудың жол бағыты мәдени-ағарту, мектеп, бала бақша, емдеу мекемелерінің маңынан өтпеуі керек;
- Тасымалдаудың жол бағытында тұрақтардың, жағармай құю станцияларының орындары және жолдың қосымша учасоктары көрсетіледі.

Тасымалдаудың жол бағыты Мемлекеттік автоинспекциямен келісіледі. Тасымалдаудың жол бағытымен келісу үшін тұтынушылардың кәсіпорыны ЖМ тасымалдау басталғанға дейін Мемавтоинспекцияға төмендегідей құжаттарды жеткізуі қажет:

- Тасымалдау ережесін;
- Ішкі істер органдарының ЖМ тасымалдауға берген рұқсатын;
- Көлік құралының ЖМ тасымалдауға жібергендігі туралы куәлігін;
- Тасымалдаудың жол бағытын.

Келісілген жол бағыттың бірінші нұсқасы тасымалдау аяқталғанға дейін Мемавтоинспекцияда, екіншісі жүкті тасымалдау кезінде тасымалдауға жауап беретін адамда немесе жүргізушіде болады.

Жеке көлік құралдарының арасындағы қашықтық төмендегі жағдайлардан кем болмауы керек:

- Жолдың көлденең учасогы бойынша қозғалыс кезінде 50 м;
  - Таулы аймақтардағы қозғалыс кезінде 300 метрден кем болмауы керек.
- ЖМ тасымалдау кезінде төмендегі жағдайларға

- Электр беретін тораптардың астына тоқтауға;
- Тұрғылықты жерлерде демалу үшін тұрақтар құруға тыйым салынады.

Найзағайға тап болған көлік орман, тұрғылықты жерлерден 200 метрден артық қашықтықтағы ашық жерлерге тоқтауы керек. Автокөліктер бір-бірінен 50 метрден артық қашықтыққа қойылуы қажет. Қажетті күзеттен өзге адамдар найзағай кезінде көліктен 200 метрден артық жерге әкетілуі керек.

Жарылыс материалдары арнайы құралдармен немесе осы мақсатта дайындалған жалпы белгідегі көлік құралдарымен тасымалданады. Арнайы автомобильдерді сөндіргішті радиатор жаққа шығаратын шығару құбырымен және төмен еңісті шығару саңылауымен жабдықталады. Жағармай құятын бак двигательден, электрлі өткізгіштен, шығару құбырынан алынып тасталуы керек. Көлік құралдары дұрыс жағдайда болулары керек. Автомобиль ЖМ тасымалдау үшін рейске шығар алдында гараж меңгерушісі жол парағына «Автомобиль тексеріліп, жөнделген және жарылыс материалдарын тасымалдауға жарамды» деген жазба жазуы керек. Егерде мұндай жазу болмаса жарылыс материалдарын тасымалдауға тыйым салынады. Жарылыс материалдарын тасымалдауға арналған әрбір автомобиль жөндейтін құралдардың жинағымен, өрт сөндіргіштермен, «Тоқтауға болмайды» деген белгілермен және т.б. жабдықталады.

ЖМ тасымалдайтын көлік құралдарын басқаруға жүргізуші ретінде 3 жылдан артық өтілі бар, арнайы дайындықтан немесе нұсқау мен дәрігіерлік тексеруден өткен адамға ғана рұқсат етіледі. Жүргізуші тасымалдаудың бекітілген жол бағытын қатаң түрде сақтауы керек. Ыдысқа

немесе жарылы материалдарының орамына зақым келіп, тоқтауға мәжбүр еткен жағдайда тоқтайтын орын жалпы талаптарды орындаумен қатар қосымша автомильдің алдынан және артынан 100 метр қашықтықта «Тоқтауға болмайды» деген екі белгі қойылады.

Көлік құралдарын басқару кезінде ере жүретін адамдар тағайындалуы керек: жетекшілік немесе жарылыс жұмыстарын жүргізу құқына ие ЖМ тасымалдауға жауапты тұлға мен күзет.

Суда жарылыс материалдарын тасымалдау үшін жүктік кемелерді, моторлы катерлерді, қайықтарды пайдалануға рұқсат етіледі. Барлық кемелер ЖМ тасымалдауда көлік құралдарына қойылатын талаптарға сай болып, өрт сөндіретін құралдармен, арнайы белгілермен жабдықталуы қажет. Кеменің командасы мен ЖМ алып жүретін адамдар арнайы нұсқаудан өтулері керек.

Қайысты көліктермен тасымалдау үшін рессорлы арбалар пайдаланылады немесе рессорсыз арбалар мен шаналардың астына жеңіл төсеніштер орнатылады, олар ені мен ұзындығы бойынша арбаның шегіне шығып кетпеуі керек. Қайысты және жүк таситын көлік адымдап қозғалуы керек, тек II топтағы жарылыс материалдарын тасымалдау кезінде ғана желе жортып қозғалуы керек. Қозғалыс кезінде көлік құралдарының арасындағы алшақтық мынадай болуы қажет: жүк артылған жануарлар үшін 10 м, тегіс жолда тасымалдау үшін 20 м, таулы жерлердегі қозғалыс пен тауға шығатын жерлерде 50 м және 100 метр болуы шарт.

Жарылыс материалдарын тікелей жарылыс орындарына жеткізу жарылысты жүргізушінің бақылауымен жүргізіледі. Мұнда қауіпсіздік техникасының төмендегідей негізгі талаптары сақталуы керек:

- ЖМ зауыттық қораптарда немесе арнайы сумкаларда тасымалданады;
- ЖЗ мен ЖҚ жеке сумкаларда тасымалданады;
- Детонаторлар мен боевиктер тек жарылысты жүргізушімен ғана тасымалданады;
- ЖЗ мен ЖҚ бірігіп тасымалдау кезінде жарылысты жүргізуші тек 12 кг аспайтын ЖЗ, ал тек ЖЗ ғана тасымалдағанда 20 кг артық болмайтын заттарды тасымалдауы керек.
- ЖМ шахтаға арнайы торлар мен қауғалар арқылы түсіреді.

Мұнда адамдарды шығарып, түсіруге тыйым салынады, ал кенді алаңдарда ЖМ тиіп, түсіру жарылысшы, жүкті көтеруші, таратушы, оқпанды және жауапты тұлғалар болған жағдайда ғана жүргізіледі.

ЖМ түсіру кезінде ЖМ әртүрлі түрлеріне бекітілген жүктеу нормаларын сақтау қажет.

Клетті түсіру кезінде тек жарылысшы ғана болуы керек.

Көлденең қазындыларда ЖЗ электровозбен немесе қолмен тасымалданатын кенішті вагонеткалармен жеткізіледі, ЖЗ мен ЖҚ түрлі вагонеткаларда болулары керек. Құрамды ЖМ тасымалдаумен байланысы бар адамдар ғана алып жүруі керек.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. ЖМ атандар?
2. ЖМ қай кезде қауіпті болады ?
3. ЖМ қандай жерлерде сақтайды?
5. ЖМ алынған рұқсат қағаз қанша уақытқа жетеді?

**Атқыш және жарылғыш жұмыстар.**

Өнімді қабаттарды немесе перспективті қабаттарды қайталама ашу мақсатындағы атқыш жұмыстарды қабаттың астасуының бекітілген шекарасындағы ұңғыманың төсенішін бекіткеннен

кейін жүргізеді. Атқыш жұмыстарды жүргізуге арналған тапсырыста олардың көлемі, перфоратордың түрі, тығыздығы мен ату аралығы, ұңғыманың жағдайы туралы қажетті мәліметтер, жұмыстың басталу уақыты көрсетіледі. Перфоратордың түрлерін ұңғыманың конструкциясы мен перфорацияның ара қашықтығын есепке ала отырып тандайды. Оны ұқсас есептің тәжірибесі бойынша бекітеді.

Наряд-жол бағытты алғаннан кейін геофизикалық партия жабдықтар мен аппаратураны тексереді, наряд жолдама бойынша жарылыс материалдарын алып, оларды тиеуді жүргізеді. Жарылыс материалдары мен атқыш аппаратураны тасымалдауға арналған көлік «Жарылыс жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздіктің ортақ ережелеріне» сай жабдықталуы керек. Партия жұмыс орнына келгеннен кейін ұңғыманың құрамымен танысады. Ұңғыма арнайы перфорацияға дайындалуы керек, өйткені жұмыстың нәтижесі мен сәтсіздіктерсіз өтуі осыған байланысты болады. Ұңғыманың сағасы аумақтың шегінен штурвалдарды шығаратын қозғалтқыштармен жабдықталады. Қауіпті белдем жалаушалармен қоршалы және партия жабдықтар мен атқыш аппаратураларды жұмыс өндірісіне дайындауға кіріседі.

Көтергіш пен сағалық жабдықты да бекітіп, каротажды жұмыстарды өткізгендей тәсілмен дайындайды. Фонтанирлеу қажет болған жағдайда сағаға фонтанды арматура орнатылады, ал кей жағдайларда ұңғымада перфорацияны жүргізуге мүмкіндік беретін лубликаторлы арнайы қосарлы қозғалтқыш орнатады.

Зарядталған перфораторды ұңғымаға түсірердің алдында шаблондап, оның атқыш жұмыстарға дайындағын тексеру керек. Шаблонды түсіру кезінде кабельді тексеріп, ату орнының белгісін бекітіп, ұңғыма забойының тереңдігін анықтайды.

Зарядталған перфораторды қосар алдында электрлі жүйені тексереді. Бұдан кейін кабельдің желілерін шығырдың корпусына қосады. Кумулятивті перфораторды қосу өрісінде монтаждың барлық ережелері сақталады, перфораторды ұңғымаға түсіруді жарылыс жұмыстарының жетекшісі бақылауға алады. Тқты қосу аппаратураның жұмысын бастайды. Кабель кернеуінің индикаторы бойынша перфоратордың жұмысын бақылауға алады.

3000 метр тереңдіктегі аз қуатты қабаттардың перфорациясы кезінде перфорацияның аралықтары перфорацияның алдында тікелей осы кабельмен алынған, немесе тереңдік муфт локаторының көмегімен корректирленген қисық ГК немесе НГК бойынша бөлімге қойылады. Атқаннан кейін кабельдің желілері қысқарады, ал перфоратор үстіңгі бетке шығарылады. Кабельдің созылуын бақылай отырып, аппараты баяу жылдамдықпен көтере бастайды. Перфоратор ату аралығынан шыққаннан кейін көтерудің жылдамдығы 700-800 м/г дейін артады. Ұңғыма сағасының алдында жылдамдықты тағы да төмендетіп, перфораторды үстіңгі бетке шығарады. Одан кейін аппараты үзіп, кабельді тексеріп, коректордағы желілерді қысқартып, келесі перфораторларды қосады. Жұмыс осындай жалғасымдылықпен белгіленген көлем толық орындалғанға дейін жүргізіледі.

Өзге жарылыс жұмыстары - торпедирлеу, қабатты оқты газдардың қысымымен жару, жарылыс пакеттерін орнату әрекеттегі нұсқауларды сақтау арқылы аналогты әдістеме бойынша жүргізіледі. Ұңғымадағы жұмыс аяқталғаннан кейін атқарылған жұмыс туралы акт жазылып, ЖМ шығынына наряд-жолдама толтырылады.

**ЖМ жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережесі.**



Жарылыс материалдарымен жұмыс жүргізуге «Жарылыс жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің ортақ ережесін» және ұңғымада атқыш жұмыстарды жүргізудің арнайы нұсқауларын толық білгеннен кейін ғана рұқсат етіледі. Жарылыс пен ұңғымадағы атқыш жұмыстарды, сонымен қатар атқаш аппараты зхарядтауды жүргізетін тұлғалар осы жұмыстардың өндірісіне рұқсат беретін «Жарылысты жүргізушінің ортақ кітабына» ие болулары керек.

Перфораторларды, торпедалар мен зарядтарды, жарылысшылардың жарылыс пакеттерін, электрлі детонаторларды тасымалдау мен оларды жою «Жарылыс жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің ортақ ережелеріне» сай жүргізілуі тиіс.

«Жарылыс жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің ортақ ережелеріне» сай қозғалмалы перфораторлы зертханалар мен уақытша дайындалған үй-жайларда, арнайы жабдықталған зарядты шеберханаларда атқыш аппараттарды зарядтауға рұқсат беріледі. Атқыш торпедирлеуші жұмыстар кезінде қауіпті белдемдегі құрылыс жұмыстарына тыйым салынады. Перфораторды немесе торпеданы түсірердің алдында ұңғыманы бақылаулық шаблондау жүргізіледі. Шаблонның диаметрі шегенді құбыр колоннасынан 25 мм-ге артық болуы керек, ал бұрғылау құбырларын торпедирлеу кезінде олардың диаметрі 10 мм артық болады. шаблонның салмағы мен диаметрі перфоратордың немесе торпеданың салмағы мен диаметріне жақын болуы керек.

Атқыш аппараттар мен торпедаларды кабельге қосу кезінде ұңғымада тек аппараты қосатын жұмысшы ғана боулы керек. Ату немесе басқарудың перфораторлы панелінде «от» кнопкасын басу жұмысын құқылы адам ғана жүзеге асырады.

Перфорация мен грунтты таңдау кезінде қосқыш қондырғыларда төмендегідей ережелер сақталуы керек:

1. атқыш аппараттарды ату аралығына орнату сәтіне дейін қосқыш қондырғыларға ток қосуға тыйым салынады.
2. зарядталған перфораторларды қосқаннан кейін қосқыш бастардың дұрыс-бұрыстығын тексеруді жүргізуге тыйым салынады.
3. жарылыстың өндірісінен кейін басқару панелінде кернеуді перфоратордан өшіріп, кілтті алып, кешенді өткізгіштерді өшіру керек.

Жұмыс істемейтін аппараттар қайта зарядталады, егерде мұнда қауіп төнсе, «Жарылыс жұмыстары кезіндегі қауіпсіздіктің ортақ ережелеріне» сай жойылады.

Атқыш – жарылғыш жұмыстар күндізгі уақытта жүргізіледі. Ұңғыманың маңында 50 м радиуста қызыл жалаулармен қауіпті белдем белгіленеді. Бөгде адамдардың болуына қатаң түрде тыйым салынады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Атқыш дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Жарылыс жұмыстары қалай өткізіледі?
3. ЖМ жұмыс жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережесі қандай ?
4. Перфорация мен грунтты таңдау кезінде қосқыш қондырғыларда қандай ережелер сақталуы керек?

### **Сабақ №23**

#### **Камералдық және зертханалықлық жұмыстардағы қауіпсіздік ережелері**

Жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды алдын алу мақсатында ортақ қауіпсіздік шаралары жүзеге асырылуы тиіс және қауіпсіздік шаралары зертханада белгілі бір түрлері үшін әзірленуде. Геологиялық барлау ұйымдары жабдықтарды негізгі техникалық сипаттамаларын қамтуы тиіс санитарлық паспорт, жұмыс түрлерін, санитарлы гигиеналық қарсы талаптарды санитарлық шаралар болуы тиіс.

Сондай-ақ, сәтсіз оқиғаның алдын алу мынадай шаралар сай болуы керек:

- коррозиялық химикаттармен күйік шалу
- термиялық күйік шалу
- улы газдармен улану
- жарылыстар кезіндегі жарақат.

Химиялық күйіктің алдын алу үшін химиялық реактивтерді құю және тасымалдауда қауіпсіздік техникасын сақтау керек. Бөтелкеге құяр кезде арнайы мықтап станоктарда бекітілген қондырғылары қолданылады. Жұмысшылар арнайы жеке қорғаныс киімдерімен: қышқыл төзімді киім мен аяқ киім, көз қорғау киімдерімен жабдықталуы тиіс.

Су мен қышқылды араластыруда қышқылдың жіңішке ағынын суық суға құйып араластырып отыру керек.

Адамдар зиянды шығарындылардың уланудың алдын алу үшін, ғимараттарда желдеткіштермен қамтамасыз етілуі керек.

Улы заттарды сақтау барысында қоймаларда сейф болуы тиіс. Улы заттар арнайы шыны немесе металлды ыдыстарда сақталуы тиіс және олардың сыртында арнайы қауіптілік белгісі болуы керек. Тыңғылықты бөлмелер барлық өндірістік санитарияға, бөлмедеге ауаның температурасына, қалыпты құрамына, жарықтандыруға жауап беру керек..

#### *Өзге де лабораториялық жұмыстар кезіндегі қ.т*

Химиялық анализ жасау кезінде тарпа шкафтармен жабдықталуы керек

Сонымен қатар:

- қышқыл төзімді арнайы киім қолдану
- реактивтерді арнайы ыдыста сақтау

Әр түрлі қоспаларды қолданғанда негізгі талаптарды ұстану керек.

Спектральді, рентгеноспектральді, рентгеноқұрылымдық лабораторияларда жарақат пен ауруларға қатысты осындай іс- шаралар қолданылуы керек:

- көз алдында стационарлы және уақытша экрандарды қара- көк және қара- жасыл шыны орналасу керек
- Ашық от көзінен 10 м қашықтыққа дейін ацетиленді баллон орналастыру керек
- «газ шаруашылығында қауіпсіздік техника ережесі бойынша» тақырыбы бойынша жұмысшыларға тест ұйымдастыру
- әр жаңадан келген жұмысшыны рентгенді қондырғы мен жұмыс жасауды үйрету.

#### **Лабораториялар мен камералдық жұмыстар кезіндегі қауіпсіздік техникасы**

1 Кәсіби аурулардан сақтану жолында жұмысшы қажетті қауіпсіздік техникасын сақтауы тиіс. Әр лаборатория санитарлық-гигиеналық паспортқа ие болуы керек. Және де онеркәсіптік жағымсыз оқиғаларды алдын алу мақсатында келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

- химиялық күйю
- термалдық күйю

-газдармен улану

-жарылғыш заттардан жарақаттану

Өнеркәсіп кәсіпорындарының бас жоспарларын жобалау кезіндегі өрттің алдын алу шараларына территорияны белдемдеу мен өртке қарсы жарылымдардың қондырғыларын, өртке қарсы шектеулер мен өртке қарсы жабындарды, ғимараттардағы өртке қарсы белдемдерді, арнайы жолдар мен өртке қарсы есіктер мен өрттік басқыштарды жатқызады. Көлік құралдары жанған жағдайда отты тез жою мақсатында әрбір автокөлік пен трактор от сөндіргіштермен жабдықталуы керек, ал тез тұтанатын және өрт қаупі бар материалдарды тасымалдайтын автокөліктер екі от сөндіргіштермен жабдықталуы қажет. Қаланың, ауылдың немесе кәсіпорынның өрт командасын және ерікті өрт дружинасын жедел түрде шақыру үшін байланыстың техникалық құралдарымен: телефон, радио, электрлі өрт сигнализациясын пайдалану қажет.

Өрт қаупі бар технологиялық үрдісті өндірістік ғимараттарды жеке топтармен кәсіпорын территориясында ұйымдастырған жөн. Кәсіпорын территориясын белдемдеу кезінде жергілікті жердің бедерпішіні міндетті түрде есепке алынуы қажет. Жеңіл тұтанатын сұйықтықтың қоймаларын төмен жерлерге орналастыру қажет, себебі өрт кезінде аққан жеңіл тұтанатын сұйықтық өзінен төменде орналасқан нысанға ағып кетпеуі керек. Оттың өндіріс ғимараттарына таралып кетпеуінің алдын алу үшін өртке қарсы қабырғалар мен белдемдерді, жабындар мен есіктерді пайдаланады.

2 Лабораториялық жұмыстардың жеке түрлері кезіндегі қауіпсіздік техникасы:

Әр реагенттермен жұмыс істеуге арналған шкафтармен қажет құрал-жабдықтар болуы тиіс.

Сонымен қатар:

-қышқылдара төзімді киім болуы керек

-реактивтерді тиісті орында сақтау

-араластыру мен мөлшерлеу кезінде арнайы ыдыстар қолданылуы керек

### **Бақылау сұрақтары:**

1 Қандай жағымсыз оқиғаларда пайда болуы мүмкін?

2 Лабораториялық жұмыстардың жеке түрлері кезіндегі қауіпсіздік техникасы қандай шара түрлерін қарастырады?

## **Сабақ №24**

### **ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ.**

#### **Қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнама негіздері**

Қоршаған табиғи орта – Жер бетінде адамның өмір сүруінің маңызды факторы. Адам ағзасының өмір сүруі табиғаттың барлық компоненттерінің әрекетімен байланысты болады – күн сәулесінің, жердің, судың, өсімдік және жануарлар әлемінің. Қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыстарды басқару және де координациялау үшін, сонымен қатар табиғатты қорғау бойынша заңнамаларды бұзбауды қадағалау үшін гидрометеорология бойынша және табиғи ортаны басқару Мемлекеттік комитеті құрылған.

Кендерді қорғаудың екі түрін ажыратады: өндірістік және де басқа мақсаттарда қолданылатын кендерді қорғау және консервативті қорғау.

Қорғаудың бірінші түрі біріншіден кендерді рационалды қорғауды қарастырады, дәлінде:

-кендерді толық және кешенді геологиялық зерттеуді қамтамасыздандыру

-кендерді қолдануға берудің орнатылған тәртібін сақтау және кендерді өз бетімен қолдануды болдырмау

-кендерден мүмкіндігінше толық бөліп алу және негізгі және де олармен бірге жататын пайдалы қазбаларды, сонымен бірге олардың құрамына кіретін компоненттерді рационалды түрде қолдану

-кендерді игерумен байланысты жұмыстардың пайдалы қазбалардың қорының сақталуына зиянды әсерін тигізуді болдырмау

Консервативті қорғау кеннің белгілі бір бөлігінің жербетілік жағдайында сақталуына негізделген.

Су қоймаларының құрамының және қасиетінің нормалық көрсеткіші келесідей берілген:

-Ауыз су және де мәдени-шаруашылық су қолданулардың пункттерінде орналасқан су қоймаларындағы судың құрамы мен қасиетіне қойылатын жалпы талаптар

-Санитарлы-шаруашылық су қолданулар су қоймаларының суларының құрамында зиянды заттардың мүмкін болатын концентрациясы

-Балық шаруашылық мақсаттарда қолданылатын суқоймаларының құрамы мен қасиетіне қойылатын жалпы талаптар

-Суқоймалардың суларында және де су жабдыктану көздерінде радиактивті заттардың мүмкін болатын концентрациясы

-Балық шаруашылық су қоймаларында кейбір зиянды заттардың мүмкін болатын концентрациясы

Судың заңнамасының негіздерін бұзған адамдар қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік міндетке тартылады.

### **Геологиялық барлау жұмыстары кезінде қоршаған ортаны ластанудан қорғауға арналған іс - шаралар**

Кенді қорғау бойынша іс – шаралар біріншіден оларды кешенді түрде зерттеудің сұрақтарынын шешуді қарастырады. Геологиялық барлау жұмыстарының пайдалы қазбалар қорына зиянды әсерінің алдын алу бойынша шараларға кендрде бастапқы жағдайларды қайта қалпына келтіру шаралары кіреді. Геологиялық барлау өндірістерінің өтуі кезінде бұзылған.

Геологиялық ұйымдар жүргізетін суды қорғау бойынша іс – шаралар жерүсті және жерасты суларының сақталуына бағытталған.

Топырақты қорғау бойынша іс – шараларға жер бетінде геологиялық барлау жұмыстарының ретінің ликвидациясын және ауылшаруашылығының немесе ормандық жерлердің шабындықтарының рекултивациясын кіргізуімізге болады.

Геологиялық барлау жұмыстарында міндетті шаралар қатарына ормандарды қорғау шаралары жатады, соның ішінде өртке қарсы шаралар, сонымен қатар ормандарда дұрыс өндірістік жұмыстарды қамтамасыз ететін шаралар жатады.

Геологиялық партиялар мен отрядтар жүйелі түрде әуе ортасын қорғауға арналған іс-шараларды өткізіп отырулары керек – іштен жану двигательдерін қолданатын құрылғалардың жұмысын қысқартып оларды электрлі қосылатын құрылғылармен ауыстыру арқылы, ішкі су қоймаларының балықтарын қорғауды – сейсмо толқындарды жару жұмыстары арқылы қоздыруды жарылыссыз әдістермен алмастыру арқылы, жануарлар әлемін қорғауды – геологиялық партиялардың әр жұмысшысының аң аулаудың ережесін қатаң сақтауы арқылы.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс – шаралар өндірістің геологиялық барлау жұмыстарының жобалары мен сметаларында қарастырылады.

#### ***Бақылау сұрақтары:***

1. Құршаған табиғи орта ұғымы
2. Кенді қорғаудың екі түрі
3. Консервативті қорғау неге бағытталғын?
4. Су заңнамасының негіздерін бұзғаны үшін қандай міндет жүктеледі?
5. Қоршаған ортаны ластанудан қорғау үшін қандай іс- шаралар жүргізіледі?

## Қолданылған әдебиеттер

1. Трудовой кодекс Республики Казахстан – Алматы: Бико, 2008г.
2. Охрана труда на геологоразведочных работах. Кабанцев А.И., Бочаров А.И., Ахмет-Валей Х., Головкин Ю.А.: -М.: Недра, 1986.
3. Қазақстанда еңбекті қорғау журналы №1,12,14,16.2010ж.
4. «Қазақстан Республикасында еңбекті қорғауды және қауіпсіздікті ұйымдастырудың негіздері» Скала В.И.
5. Тұтынушылардың электрқондырғыларының ПТЭ және ТТБ.:-.: Энергоатомиздат, 1989ж.  
Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі.